БЕЙСЕНБІ
№51 (4299)
11.05.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҮННЫҢ ҚҰНЫН
ЭКСПОРТТАЛҒАН БИДАЙ ТҮСІРЕДІ

Қазақстан ұн экспорты бойынша 2007 жылы әлемде көшбасшы атанды. Бірақ жаһандық деңгейдегі бірінші орынын небәрі үш жыл ұстап тұра алды. 2010 жылы Түркияға жол беріп, екінші орынға сырғыды. Бұл да зор жетістік. Алайда енді бізді Өзбекстан басып озатын түрі бар. Өзбек ағайын бұған дейін тұрақты түрде ұн экспорты жөнінен әлемдік жетекші елдердің «үштігіне» кіріп келген Францияны ығыстырды. Ғажабы сол, Өзбекстан Қазақстаннан 3,5 еседей аз бидай жинайды. Сонда бұл елдің құпия-сыры неде? Біздің елімізде неге осы сала кері кетіп барады?

ФАВОРИТТЕН АУТСАЙДЕРГЕ АЙНАЛМАЙЫҚ

Қазақстан 2022 жылы 22,8 миллион тонна астық жинады. Бұл 2021 жылғыдан 26 пайызға көп. Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректерінше, бұл – соңғы онжылдықтағы жақсы көрсеткіш. Көрші Өзбекстан былтыр қамбаға 6,7 миллион тонна бидай жинаған. Бұл алдыңғы жылғыдан 6,4 пайызға артық.

Бұл жерде оңтүстік көршінің еңбек өнімділігі таңғалдырады. Мысалы, Қазақстан былтыр 16,1 миллион гектарға бидай екті. Ал Өзбекстанда бидай небәрі 1,4 млн гектар ғана алқаптан жиналады. Яғни, он есе кем. Сол себепті Қазақстан өзбек еліне қарағанда он есе көп астық оруы керек еді. Олай болмады, айырмашылық 3 еседей ғана. Бұдан шығатын байлам: өзбек ағайын аз ғана жерге дән сеуіп, көп өнім алады. Бізде астық әр гектардан 12,6 центнерден айналады, ал өзбектерде орташа шығымдылық әр гектардан 65-70 центнерден айналады.

4 ▸▸

ҮЛКЕН ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ



Парламент Мәжілісі кезекті пленарлық отырысының негізгі мәселесі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол қозғалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылауға арналды. Онда электр скутерлер мен шағын электр көлігінің қозғалысын реттеу жайы сөз болды. Одан соң мәжілісмендер Үкімет басшысынан бастап түрлі инстанцияға депутаттық сауалдарын жолдады. Жиынға Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов төрағалық етті.

2 ▸▸

САНКЦИЯ САЛҚЫНЫ: «КӨРШІҢ СОҚЫР БОЛСА...»

Геосаяси қақтығысты тудырып отырған көршіміздің кесірінен еліміз де кей тұста жаманатты болып қалатыны шын. Жақында АҚШ пен Батыс елдерінің билік өкілдері Ресейге салынған санкцияның жайын қайта талқылауға көшті. Бұл жолы бәрінен бұрын реэкспорт мәселесінде «Мәскеуге көмектесіп жатыр» деген желеумен Орталық Азия елдеріне қысым болуы мүмкін екені айтылыпты. Осы тұста біз «шынында да еліміз санкцияны бұзуға септесіп отыр ма?» деген сауалға жауап іздеп көрдік.

КЕЛІСПЕЙТІН КЕСІМ

Шынында, Орталық Азия елдері, соның ішінде санкцияның қауіп төнуі мүмкін екені жайлы хабарлар бүгін шыққан жоқ. Мәселен, былтыр наурызда Британ Парламентінің мүшесі Маргарет Ходж Қазақстан мен Әзербайжан елдері «Ресейді қолдайды» деп мәлімдеп, қос мемлекетке санкция салу туралы бастама көтерген болатын. Дегенмен кәрі құрлық елінің Сыртқы істер министрлігі бұл тақырыпты жылы жапты. Бәрі басылды дегенде, өткен айда тосыннан АҚШ Қазақстанға қайталама санкциялар бойынша ескерту жасағаны хабарланды.

5 ▸▸

КҮНШЫҒЫС ЕЛІ – ДАНАЛЫҚТЫҢ БЕСІГІ

«Қасірет пен тағдыр» романы жапон тіліне аударылды. Қазақ тілінен тікелей жапон тіліне аударған – Масуджима Шигенобу. Жапон тіліндегі кітаптың тұсаукесері Токиода өтті.

6 БЕТ

ТҰРАҚТЫҢ АҚЫСЫ НЕГЕ ТҰРАҚСЫЗ?

Алматыда ақылы автотұрақтың бағасы көтерілмек. Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, көлік тізгіндеген қала тұрғындары мен қонақтары қыркүйек айынан бастап тұрақ ақысын жаңа тарифпен төлей бастайды.

7 БЕТ

МЕКТЕПТЕР МЕРЗІМІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

«AMANAT» партиясының партиялық бақылау бекеттерінің белсенді жұмысы жалғасып жатыр. Мәселен, Шымкентте аманаттықтар екі білім беру мекемесіне негізделген жаңа оқу ғимараттарының құрылысын тексерді. Олар – М.Дулати атындағы №8 мамандандырылған гимназия және Н.Оңдасынов атындағы №38 мектеп.

Айта кетейік, партия белсенділері құрылыс жұмыстарының сапасын бірінші рет тексеріп отырған жоқ. Бұған дейін мұнда құрылыс жұмысы кестеден кешіктірілгені анықталды. Құзырлы органдар қалалық партиялық бақылау комиссиясының ұсынысы бойынша мердігерге айыппұл салды. Бүгінде барлық кемшілік жойылды.

Мәселен, №8 гимназия Шымкенттегі ең көне мектеп саналады. Ол 1879 жылдан бері жұмыс істеп тұр. Осылайша, 1 100 балаға негізделген жаңа ғимараттың құрылысы биыл аяқталады деп жоспарлануда.

3 ▸▸

ФИЛАРМОНИЯ ПАНА СҰРАЙДЫ

Саф өнердің саңлақтары жиналған Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония апта сайын көрерменін жаңа концерттермен қуантып келеді. Қазақ оркестрі, симфониялық оркестр, үрмелі оркестр, ішекті квартет, камералық хор, фольклорлық ансамбль сияқты 11 шығармашылық топтан құралған ұжымның әр өнер көрсетуінің артында жанкешті еңбек жатқанын бірі білсе, бірі білмейді. Астаналық филармонияның өнер көрсететін сахнасы болса да, әлі күнге дайындық жасайтын арнайы орындары жоқ. Онымен қоса, шетелде елде үрдіс алған балалар филармониясы әлі ашылмай келеді.

ҒИМАРАТҚА ЖАРЫМАЙ ОТЫР

Филармония алғаш рет Ақмола облыстық филармониясы болып 1997 жылы құрылды. Аз уақыт ішінде өнер ұжымы жоғары жетістіктерге жетіп, кең ауқымды концерттер өткізген. Бүгінде астаналық филармонияда 11 шығармашылық топ жұмыс істейді. Дегенмен өнері үстем ұжымның көңілі күпті. Филармония әншісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаеваның айтуынша, бүгінде ұйымда 700-ге жуық адам жұмыс істейді.

6 ▸▸

ҮЛКЕН ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Парламент Мәжілісі кезекті пленарлық отырысының негізгі мәселесі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол қозғалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылауға арналды. Онда электр скутерлер мен шағын электр көлігінің қозғалысын реттеу жайы сөз болды. Одан соң мәжілісмендер Үкімет басшысынан бастап түрлі инстанцияға депутаттық сауалдарын жолдады. Жиынға Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов төрағалық етті.

Заң жобасы туралы әріптестерінің алдында «AMANAT» партиясының фракция мүшесі, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы, депутат Екатерина Смышляева баяндама жасады. Ол Парламент депутаттары әзірлеген заң жобасын таныстырды.

«Соңғы жылдары көшеде жаңа көлік құралдарының, яғни электр самокаттардың, гироскутерлер мен монодөңгелектердің және т.б. пайда болғанын көріп жүрміз. Бізге азаматтардан жаңа көлік құралдарының жүрісін реттеу мәселелері бойынша өтініштер үнемі түсіп жатады. Бұл, әсіресе, мегаполистерге қатысты. Электр самокаттардың жолдармен және тротуарлармен жүруі жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге қауіп төндіруде. Заң жобасы екі жыл бұрын әзірленген. Алайда электр скутерлерге қатысты техникалық регламент тек 2022 жылдың шілдесінде қабылданды», – деді ол.

Заң жобасын талқылау барысында Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха депутаттардың сұрақтарына жауап берді. Өз кезегінде Юлия Кучинская кейбір самокаттар сағатына 45-50 шақырымға дейін жылдамдығын арттыра алатындығын, мұндай қарқынмен жүргіншілерді қағып кетер болса, ондай оқиғалардың 45 пайызында кісі өлімі болуы ықтимал екендігіне алаңдаушылық білдірсе, депутат Мұрат Әбенов 1 жылда 43 оқиға болып, 1 адам қаза болғанын алға тартты. Заң жобасын екі оқылымда қолдаған Мәжіліс депутаттары Сенат қарауына жолдады.

Осыдан соң мәжілісмендер түрлі тақырыпта депутаттатық сауалдарын жолдады. «AMANAT» фракциясының мүшелері атынан сөйлеген Елнұр Бейсенбаев Бас прокуроры мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрайымына интернет алаяқтық туралы сұрақ қойды.

Қанша рет көтерсек те, мәселенің шешілетін түрі жоқ, керісінше жылдан-жылға ушығып барады. Дабыл қағып отырғанымыз да сондықтан. Мәселен, соңғы 5 жылда аталған қылмыс түрі бес есеге өскен. Ал 2023 жылдың алғашқы тоқсанының өзінде-ақ 4 687 интернет-алаяқтық қылмысы жасалған. Құқық қорғау органдары соның небәрі 23 пайызының ғана бетін ашыпты. Соңғы 3 жылда келтірілген шығын 35 млрд теңгеден асып жығылды.

Жағдай ушығып бара жатқан соң былтыр маусым айында Мемлекет басшысының өзі интернет-алаяқтарға, қаржы пирамидаларына қарсы қатаң шара қолдануды тапсырған болатын. Осыған байланысты біріншіден, азаматтарға микроқаржы ұйымдары арқылы онлайн несие рәсімдеуге электронды үкімет базасында тыйым салудың мүмкіндігін тездетіп енгізілуге тиіс. Екіншіден, елімізде заңсыз лотереялардың, қаржы пирамидалары мен өзге де заңсыз қаржылық операциялармен күрес қалай жүргізілетінін түсіндіру керек. Үшіншіден, әлеуметтік желілерге кешенді тексеру жүргізіп, онлайн жарнаманы алаяқтық мақсатта пайдаланатын топтарды бұғаттау қажет.

Одан бөлек аманаттықтар МӘМС жылу энергетикасы, мектептердегі қауіпсіздік мәселелерін, «Қазақстанда жасалған» жобасын көтеріп, тиісті ведомстволарға депутаттық сауал жолдады. Өз кезегінде «AMANAT» партиясының фракция мүшесі, депутат Нартай Сәрсенғалиев Батыс Қазақстан облысындағы жол мәселесін көтерді.

«Бөкей ордасы ауданы мен Жәнібек ауданындағы жұрт көз ашқалы түзу трасса, жөнделген жол көрген жоқ. Қазір де жұрт облыс орталығы Оралға дейін көлікпен 7-8 сағат жүруге мәжбүр, жаңбыр жауса батпаққа батқан бұқара 14-15 сағат жол жүреді. Көбісі күрежолдың бойында қонып қалады. Арнайы техниканың өзі көктем мен күздегі балшықтан өте алмайды. Салдарынан ауыр науқасқа шалдыққан адамдар мен сәбилердің қалай қиналатынын айтпай-ақ білерсіздер. Жергілікті жұртқа үміт берген жаңалық 2018 жылы айтылып еді. Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы, Жәнібек және Қазталов аудандарын жалғайтын жол салу жөнінде Үкіметке тапсырма берілді. 2021 жылы жол құрылысы аяқталады делінген. Бірақ арада 4 жыл өтті. Республикалық маңызы бар 245 шақырым күрежолдың тек 124,6 шақырымы ғана жасалды. Қалғаны шұрқ-тесік, батпақ боп жатыр. Жүру мүмкін емес», – дейді ол.

Депутаттың айтуынша, 2022 жылдың сәуірінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен Батыс Қазақстан облысының әкімдігіне өңірдегі жол мәселесін тез арада шешуді тапсырған болатын. 2021 жылы аяқталуы тиіс болған Қазталов, Жәнібек, Бөкей ордасы аудандарын облыс орталығы Оралмен байланыстыратын күрежолға әлі асфальт төселмегенін шегелеп айтқан Президент «тиісті жұмыстардың белгіленген мерзімде орындалмауына кінәлілер жазалануға тиіс», – деді. Осы сыннан кейін сол кездегі Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Қамалиев қызметінен босатылған. Бірақ сол жолдың бүгін-ертең бітетін түрі жоқ екен.

«Мәселе мынада: жалпы ұзындығы 245 шақырым болатын «Қазталов – Жәнібек – Ресей Федерациясы» шекарасына дейінгі және «Бисен – Өнеге – Сайхын» жолдарының жалпы құны – 80,13 млрд теңге. Бүгінге дейін оның 49 пайызы игерілген. Қалған 120,4 шақырымды төсеп бітіруге биыл 30,2 млрд теңге бөлінген. Ақша бар, бірақ БҚО қиыршық тас пен битум жоқ. Оны көрші облыстар мен көрші елден тасымалдау керек. Жол құрылысын аяқтау үшін биыл 1931 тонна қиыршық тас керек, оны әкелуге 28 мың вагон қажет. Бірақ биыл тек 7 жарым мың вагон қарастырылған. Бұл өз кезегінде жолға қажетті материалдың жетіспеушілігіне, жол құрылысы мерзімінің ұзаруына және жоба құнының өсуіне әкеледі. Бұл ретте үстіміздегі жылдың наурыз айында тек 1000 вагон берілген, оның 382-сі жекеменшік, 618-і «ҚазТемірТранс» АҚ-на тиесілі. Жекеменшік вагонды жалға алудың құны әлдеқайда қымбат екенін де ескеру керек. Келесі мәселе – битум жетіспеушілігі. 2022 жылы битум болмауынан облыстағы нысандардың жартысына жуығы тамыз айынан бастап жұмыссыз қалған», – дейді Нартай Аралбайұлы.

Осы ретте депутат жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес битум бағасын бекіту мүмкіндігін қарастырып, мерзімдік баға өсуіне тыйым салуды, битумның таралуын мердігерлік ұйымдар үшін ашық етуді және қолжетімді битумның көлемі мен оның қозғалыс жолы айқын болуы үшін делдал-трейдерлерсіз зауыттармен тікелей келісімшарттар жасауға мүмкіндік беруді ұсынады. Сондай-ақ, облыстың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Ресей Федерациясынан битум тасымалдайтын, БҚО-ның аумағында орналасқан бір трейдерді анықтау қажет. Себебі Ақтөбе, Қызылорда, Атырау, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарына 1 трейдер ғана битум жеткізеді. Бұл мәселе облыстық маңызы бар «Чапай – Жаңақала – Сайқын» жолдарының да құрылысын кешеуілдетіп тұр. Ай сайын БҚО-ғы жол құрылысына қажетті қиыршық тас жеткізу үшін 1500 темір жол вагонын беру қажет.

Н.ҚОСАЙ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

Атырау облысының 2023-2025 жылға арналған кешенді жоспары және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін өңірде 30-ға жуық заманауи жаңа типтік жобадағы медициналық нысан салынбақ.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Атырау облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, қазір кешенді жоспарда көрсетілген 5 медициналық пункттің құрылысы жүріп жатыр. Және үш қосалқы стансасы бар жедел жәрдем стансасының құрылысы басталмақ. Сонымен қатар биыл Ұлттық жоба аясында ауылдық жерлерде тағы 5 нысанның құрылысы басталады.

Кешенді жоспар бойынша Атырау қаласында екі емхана салынбақ. Облыс орталығындағы Өркен және Нұрсая шағын аудандарында салынатын емханалардың әрқайсысы 250 науқасты қабылдауға шақталған.

Өңірдегі онкология дертіне шалдыққан науқастарға қызмет көрсететін Атырау қаласындағы облыстық онкологиялық диспансердің тозығы жеткен. 1973 жылы салынған ғимарат заманауи қызмет көрсету стандарттарына жауап бере алмайды. Осы орайда, облыс орталығындағы онкологиялық диспансердің 180 орындық радиологиялық корпусы салынады.

«Бүгінде радиологиялық корпустың құжаты дайын. Оған қосымша онкологиялық диспансердің жобалау-сметалық құжаттары реттеліп жатыр. Атырау облыстық онкологиялық диспансерінде есепте 4500 адам тұр. Науқастарға 31 дәрігер-маман қызмет көрсетеді», – дейді Атырау облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасы басшысы Қайсар Абдалиев.

Облыстың бас дәрігері радиология бөлімі онкологиялық диспансердің негізгі құрылымдарының бірі екенін айтады.

«Аталған бөлім медицина ғылымы мен техникасының заманауи жетістіктері негізінде зерттеудің сәулелік әдістерін пайдалана отырып, ауруларға диагностика жүргізеді. Сондай-ақ химиотерапияның бір саласы ретінде қатерлі ісіктің алдын алу мен емдеуде көмек көрсетеді», – дейді Қайсар Абдалиев.

Еске сала кетсек, бұған дейін Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният ел бойынша медициналық ұйымдар ғимараттарының тозу деңгейі 44,7 пайызға жеткенін хабарлаған еді. Сондай-ақ еліміздің бас дәрігері республика аумағында жұмыс істеп тұрған стационарлардың көпшілігі халықаралық стандарттарға сай келмейтінін атап өткен болатын.

«Осы орайда облыста Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауылдық жерлерде денсаулық сақтау нысандарын жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қабылданып жатқан шаралар өңірдегі денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі дамытуға ықпал етпек», – дейді Денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

Ерекше атап өтерлігі, Атырау облысы бойынша 2025 жылға дейін 18 ауылдық елді мекенде медициналық нысандарды, соның ішінде 11 медициналық пункт, 1 дәрігерлік амбулатория, 6 фелдшерлік-акушерлік пункт салу жоспарланған.

Биыл Махамбет ауданында 3 медициналық пункт және Қызылқоға, Жылыой аудандарында 2 осындай денсаулық сақтау нысаны ел игілігіне беріледі. Жылыой ауданы Қарағай ауылы мен Қызылқоға ауданындағы Айдын ауылында құрылысы жүргізіліп жатқан пункт жыл соңына дейін іске қосылмақ.

Қазір Махамбет ауданындағы Аққайын, Көздіқара, Еңбекшіл ауылдарында дәрігерлік пункттердің құрылысы жүріп жатыр.

«Бұдан бөлек, келер жылы Құрманғазы ауданында 4 амбулатория, Индер, Махамбет, Исатай аудандарында да медициналық нысандардың құрылысы қолға алынады. Атап айтқанда, Құрманғазы ауданының Кудряшова, Арна, Көптоғай, Афанасьева ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункт, Индер ауданының Есбол ауылында, Махамбет ауданының Талдыкөл ауылында, Исатай ауданының Жасқайрат ауылында медициналық нысандар салынады. Қазір бұл ауылдардан нысан құрылысын жүргізу үшін тиісті жер телімі бөлінді», – дейді Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысы Қайсар Абдалиев.

Халық саулығы мемлекет дамуын айқындайтын басты индикатордың бірі десек қателесе қоймаспыз. Сол секілді Атырау облысында денсаулық сақтау саласында қолға алынған шаралар легі медициналық қызмет көрсетуді жаңа деңгейге көтереріне сенім мол.

Атырау облысы

ҮЛЕСКЕРЛЕР САН СОҒЫП ҚАЛА ЖАЗДАДЫ

Шымкентте 18 құрылыс компаниясы тиісті құжатсыз жылжымайтын мүлікті сатпақ болған. Шымкент қаласындағы ақпараттық коммуникациялық орталықта өткен жиында шенеуніктер қала тұрғындарын мұндай ұсыныстардан аулақ болуға шақырады. Спикерлер тұрғындарға пәтер сатып алмас бұрын сатушының барлық рұқсат құжаты бар екеніне көз жеткізу керектігін айтады. Қазірдің өзінде қалада заңсыз жұмыс істеп жүрген 20-ға жуық компания әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Назгүл НАЗАРБЕК

Шымкент қаласы прокурорының аға көмекшісі Нұржан Төребаев прокуратура қызметкерлері үлескерлердің құқын қорғау бағытында бірқатар жұмыс атқарып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар заң талаптарына сай үлескерлікке қатысу үш түрлі жолмен жүзеге асырылатынын жеткізді. Оның біріншісі – тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорынан кепілдік алу, екіншісі – екінші деңгейлі банктің жобасына қатысу және үшінші – тұрғын үйдің іргетасы қалана бастағаннан жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен жүзеге асады. Әрбір тұрғын үлескер боларда заң талаптарына жете мән беру керек.

Прокуратура органдары үлескерлердің құқының бұзылып жатқанын түрлі тәсілдерді қолдану арқылы анықтапты.

2021 және 2022 жылдары krisha.kz сайтына жүргізілген талдау кезінде заң бұзушылықтар белгілі болған. Үлескерлерден ақшалай қаражатты заңсыз алғаны үшін әр компанияға 300 АЕК көлемінде айыппұл салыныпты. Заңгерлер азаматтарды рұқсаты бар компаниялардан ғана үй алу керектігін ескертеді. Бұл тұрғыда мұндай құқықбұзушылықтарды болдырмау, оны жою мақсатында Шымкент қаласының әкімдігіне деректерді жою үшін прокурорлық акті енгізген.

Брифингте қалалық сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары бөлімінің мамандары заңсыз әрекетке барған кәсіпкерлер жауапқа тартылатынын – үлескерлердің құқығы заңмен қорғалатынын атап өтті.

«Акционерлердің салған ақшасын қайтарып алуға құқығы жоқ. Сондықтан жағымсыз жағдайға тап болмас үшін күмәнді компанияларға ақша салмауға шақырамыз. Құрылыс компаниясына барған кезде компанияның үлескерлерден ақша тартуға рұқсаты бар-жоғын сұрау керек. Ал, пәтер сатып алушылар талап етсе, құрылысшылар көрсетуге міндетті», – дейді Шымкент қалалық



сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары бөлімі басшысының орынбасары Нұрбол Жүнісбеков.

Қалалық ортаны дамытуды бақылау және сапасын бақылау департаментінің мамандары да 4 құрылыс компаниясының қызметіндегі заң бұзушылықтарды анықтап, құрылыс салушыларды әкімшілік жауапкершілікке тартқанын атап өтті. Олардың қатарында Kanfar Buildin ЖШС-іне қарасты «Отбасы» ТК және «Тұран» ТК , Nomad Story Group ЖШС салып жатқан Qaratau ТК мен құрылысын SDN Construcoin ЖШС жүргізіп жатқан Tolebi ТК-і де бар. Үлестік қатысу туралы заңнама талаптарын бұзуған 4 тұрғын үй кешендеріне қатысты 4 әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамалар әкімшілік сотқа негізінен қарау үшін жолданған. Енді заң бұзған құрылыс компаниялары сот шешімдері негізінде әкімшілік жауапкершіліктерге тартылмақ. Былтыр 5 тұрғын үй кешендеріне қатысты 5 әкімшілік құқықбұзушылық орын алған. Алдағы уақытта жылжымайтын мүлік объектілеріне мониторинг жүргізу жұмыстары жалғасады.

Жиында бұдан бөлек, азаматтардың «Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру» мемлекеттік қызметі 3 тәсілмен жүзеге асырылатынын назарға алу керектігі сөз болды.

Шымкент қаласы

АТҚАРУШЫ ХАТШЫ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Елнұр Бейсенбаев Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде бірқатар азаматты қабылдады. Кездесуге Ақмола облысына қарасты Целиноград ауданы тұрғындарының түйінді мәселелері талқыға салынды.

Қабылдауға келгендердің қатарында аудандық мәслихаттың депутаттары, белсенді азаматтар болды. Көтерілген мәселеге жауап беретін мемлекеттік органдардың өкілдері жиынға онлайн режимде қатысты.

«Елімізде ауруханасы жоқ жалғыз аудан – Целиноград ауданы. Стационарлық емхананы ғана қанағат тұтып отырмыз. Тұрғындарға шамамен 250 төсек-орындық аурухана қажет. Аудан әкімдігі оның құрылысына арнап 7 гектар жер бөлді. Мәселе осымен ғана шектеліп қалды», – деді Целиноград ауданының мәслихат депутаты Динара Әбдірахманова.

Ол ауруханадан бөлек, мәйітхана мен сот-медициналық сараптама жүргізетін орын ашу жұмысы да кезек күттірмейтінін атап өтті.

Мәслихат депутаты ауданға қарасты ауылдың бірі – Қараөткел тұрғындары Астанадағы №12 емханаға бекітілгенін жеткізді. Алайда бір жарым жылдан бері ауылдағы мектеп медицинасының мәселесі шешілмеген. Оқушылар аталмыш емханаға бекітілмеген. Салдарынан 1 430 балаға жоспарлы вакцина да салынбапты.

Өз кезегінде Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нұрлан Ақылбеков ауылдың барлық тұрғыны биыл қаңтарда басқарма қаулысына сәйкес №12 емханаға бекітуге берілгенін атап өтті. Соның ішінде мектеп медицинасы да бар. Алайда Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасы тиісті құжатқа қол қоймағандықтан, вакцина салу жұмысы әлі шешімін таппаған.

Ал аудандағы аурухана тапшылығы мәселесін Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары Малғаждар Тәткеев былай деп түсіндірді:

«Аудан әкімдігі аурухана салуға арналған жер учаскесін бөлді. Бүгінде техникалық-экономикалық негіздеме әзірленіп жатыр. Соған қарамастан аурухана салуға қажет қаражат әлі қарастырылған жоқ», – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Өз кезегінде «AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы партия бұл мәселені бақылауда ұстайтынын және аманаттықтар аурухана тұрғызуға, тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсартуға мүдделі екенін атап өтті. Динара Әбдірахманова Талапкер және Қараөткел ауылдарында, аудан аумағында қоқыс төгетін полигон, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинайтын, сұрыптайтын орын қажет екенін атап өтті. Белсенділер тобы аудандағы өзекті мәселе – электр желілеріне қатысты мәселені де көтерді.

Республикалық қоғамдық қабылдау алаңында қаралған тағы бір мәселе – жер дауы. Осындан үш жылға жуық уақыт бұрын ерлі-зайыпты Нұрғали Көпбосынов пен Мәншүк Сыздықова Түркістан қаласындағы жер учаскесінен айырылып қалған. Олардың сеніміне кірген Ғ.Оспанов есімді азамат сенімхат жаздырып, аталған телімді мемлекеттің қажеттілігі үшін Түркістан қаласының әкімдігіне қомақты қаражатқа сатып жіберген. Даулы мәселе бірнеше жылға созылған. Қазір жер телімі ерлі-зайыптылардың атында. Алайда онда қалалық әкімдік бастап кеткен құрылыс жұмысы жүріп жатыр. Елнұр Бейсенбаев онлайн режимде әкімдіктегі жауапты тұлғалармен әңгімелесіп, жуық арада мәселенің оң шешімін табу қажет екенін атап өтті. Іс барысын Атқарушы хатшы өз бақылауына алды.

Сондай-ақ қабылдауға «Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық коалициясының көшбасшысы Жәмила Садықова келіп, электронды темекінің тұрғындар денсаулығына қауіпті екенін атап өтті.

«Бүгін көтерілген барлық мәселені жеке бақылауымда ұстаймын. Жобалау-сметалық құжаттама дайын болған кезде республикалық бюджеттен аудандық аурухананың құрылысына қажет қаражат бөлуді қолға аламыз. Балаларға екпе жасау мәселесі де көп кешікпей өз шешімін табады. Ал тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын ашу мәселесі бойынша Астана агломерациясына түзету енгізуге атсалысамыз. Ауданға қарасты барлық елді мекенде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға болатын резервтік аумақтар қарастырылады», – деп түйіндеді Елнұр Бейсенбаев.

Ж.АМАНГЕЛДІ

МЕКТЕПТЕР МЕРЗІМІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

«AMANAT» партиясының партиялық бақылау бекеттерінің белсенді жұмысы жалғасып жатыр. Мәселен, Шымкентте аманаттықтар екі білім беру мекемесіне негізделген жаңа оқу ғимараттарының құрылысын тексерді. Олар – М.Дулати атындағы №8 мамандандырылған гимназия және Н.Оңдасынов атындағы №38 мектеп.

Айта кетейік, партия белсенділері құрылыс жұмыстарының сапасын бірінші рет тексеріп отырған жоқ. Бұған дейін мұнда құрылыс жұмысы кестеден кешіктірілгені анықталды. Құзырлы органдар қалалық партиялық бақылау комиссиясының ұсынысы бойынша мердігерге айыппұл салды. Бүгінде барлық кемшілік жойылды.

Мәселен, №8 гимназия Шымкенттегі ең көне мектеп саналады. Ол 1879 жылдан бері жұмыс істеп тұр. Осылайша, 1 100 балаға негізделген жаңа ғимараттың құрылысы биыл аяқталады деп жоспарлануда.

Ал №38 мектеп-гимназияның жаңа ғимараты салынып бітіп, пайдалануға берілді. Бұл жұмыс оқушы орындарының санын 375-ке арттыруға мүмкіндік берді. Балалар екі ауысымда білім алып жатыр.

Айта кетейік, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Шымкентте 25 мектеп салынады. Білім ошақтарының құрылыс сапасы мен олардың уақытылы пайдалануға берілуін «AMANAT» партиясының мүшелері қадағалайды.

Сонымен қатар аманаттықтар тағы бір құрылыс жұмысын тексерді. Shymkent City шағынауданында партияның қалалық сайлауалды бағдарламасы аясында 2 мың орындық конгресс-холл салынып жатыр. Бұл – конференция, концерт, фестиваль және өзге де бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған көпқызметті орталық. Мердігер ұйым аталған нысанның құрылысын биыл аяқтауды жоспарлап отыр.

Естеріңізге сала кетсек, «AMANAT»-тың сайлауалды бағдарламасы аясында ел аумағында салынып жатқан нысандарда партиялық бақылау бекеттері ашылып жатыр. Әрбір нысанда шағым немесе өтініш жіберуге болатын жауапты тұлғаның байланыс нөмірлері көрсетілген техникалық паспортқа ұқсас тақтайша орнатылады. Жұртшылықты көптеп тарту және партиялық бақылау бекеттері жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында оның құрамына мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, БАҚ өкілдері, блогерлер, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен белсенді мүшелері кірді.

Ерке ЕРҚОҢЫР

БІЛІМ САПАСЫНА БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗДІ

Ақтөбе облыстық мәслихатындағы «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясы мүшелері Ақтөбе қаласының барлық жалпы білім беретін мектебін аралай бастады. Депутаттық топ рейдтерінің негізгі мақсаты – білім сапасы мен оқу орындары ғимараттарының жағдайына мониторинг жүргізу.

Сапар барысында депутаттар балаларға қажетті жағдай жасалуына баса көңіл бөлуде. Олар ғимараттардың сыртқы және ішкі жайына, шатырлары мен оқу сыныптарының, спорт залы, акт залы мен асхана блогының жағдайын жіті бақылауда. Облыстық ПД-нің ЖБО-на ақпарат беретін турникеттер мен бейнекамералардың болуына, еңбек бойынша шеберханалар мен нақты пәндер (химия, физика, биология) кабинеттерінің жабдықталуына назар аударылды. Бұл тұста оқу орындарындағы мәселелер ауқымы кең екенін айта кету керек. Жылыту жүйелерін күрделі жөндеу, шатыр мен электр сымдарын ауыстырудан бастап спорттық жабдықтармен жабдықталу деңгейіне дейін шешуді талап ететін мәселелер бар. Мысалы, №26 орта мектепте жылу жүйесі өте қиын жағдайда, ал №23 орта мектепте электр сымдарын толығымен ауыстыру қажет. Мектеп директорларының барлығы дерлік көшедегі спорт алаңдарын жаңарту қажеттілігі туралы баяндады. Кейбір мектептердегі ой салатын тағы да бір мәселе – акт залдары мен асханалардың біріктірілуі, бұл оқу орындарының жұмысында белгілі бір қиындықтар туғызатыны сөзсіз.

Облыстық мәслихат депутаттары тәрбие үрдісіне, психологтер кабинеттерінің жұмысына, темекі шегудің және электронды темекіні (вейптерді) пайдаланудың алдын алуға ерекше назар аударуда. Кездесулер барысында педагогтер өз ұсыныстарын жеткізді. Олардың айтуынша, мектеп бағдарламасына жеке пән ретінде сызу сабақтарын қайтару – өзекті мәселелердің бірі. Тексеру қорытындысында барлық жалпы білім беретін мектепке бақылау жұмысының қорытындысы бойынша талдау жасалып, бірінші кезекте шешілуі қажет мәселелер айқындалмақ.

ТЕАТРДА ТЕГІН КӨРСЕТІЛІМ ӨТКІЗДІ

«AMANAT» партиясының Алматы қалалық филиалы «Бақытты отбасы» және «Ардагерлерді ардақтайық!» партиялық жобалары аясында көпбалалы отбасылар мен қарт адамдарға тегін көрсетілім қойды.

Іс-шара Абай атындағы Алматы опера және балет театрының қабырғасында өтті, онда 100-ге жуық адам (оның ішінде 20 көпбалалы отбасы) «Абай» операсын тамашалай алды.

«Біз мәдени іс-шаралар барлығына қолжетімді болуы керек деп санаймыз. Экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға жиі тап болатын адамдардың еліміздің мәдени жетістіктерінен ләззат алу мүмкіндігінің болуы ерекше маңызды», – деп атап өтті акцияны ұйымдастырушылар.

Көрсетілім жылы және достық атмосферада өтті, көрермендер қойылымға дән риза болды. Олардың көпшілігі мұндай бастамалар мәдениетпен танысуға ғана емес, сонымен қатар ұрпақтар сабақтастығына және қоғамдық байланысты нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

MIRAS-та МӘДЕНИЕТТІҢ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Партияның Ақмола облыстық филиалы жанындағы MIRAS қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында өңірдегі мәдени нысандардың құрылысы мен күрделі жөндеу барысы, тарихи мәдени ескерткіштердің қазіргі жай-күйі сөз болды.

Облыстық Мәдениет басқармасы басшысының бөлім жетекшісі Дина Бейсембаеваның мәліметінше, соңғы 3 жылда республикалық және облыстық бюджет қаражаты есебінен 4,8 млрд теңге бөлініп, 1 мәдениет нысаны салынып, 78 нысан жөнделген. Зеренді мен Астраханкадағы аудандық мәдениет үйлері жөндеуден өткен. Былтыр ұзақ уақыт бойы пайдаланусыз тұрған Ерейментау ауданындағы Новомарков және Зеренді ауданындағы Айдабол ауылдық клубтары, Баратай ауылында жеке тұрғын үйге жөндеу жүргізіліп ауылдық клуб ретінде пайдалануға берілген. Жақсы ауданының Жаңақима ауылдық мәдениет үйінде күрделі жөндеу және Аршалы ауданының Тургенев ауылдық мәдениет үйінде күрделі жөндеу жүргізілген.

Биыл Щучинск қаласындағы аудандық мәдениет үйінің, Аршалы кентінде және Жібек жолы ауылында демалыс орталығының, Сандықтау ауданы Балкашино ауылындағы, Аршалы кентіндегі аудандық мәдениет үйі ғимаратының, Астрахан ауданының Новочеркасское ауылында, Степногорск қаласының Қарабұлақ ауылында, Бұланды ауданының Никольское және Вознесенка ауылдарында мәдениет үйлерінің құрылысы басталмақ.

Өңірімізге белгілі ірі тұлғаларға ескерткіштер орнатылып, бірқатар музейге реставрация жүргізілген. Ал тарихи мұраны қорғау және пайдалану орталығының директоры Жаслан Укеев аймақта жүріп жатқан археологиялық қазбалар мен тарихи кесенелердің жай-күйін баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

MIRAS қоғамдық кеңесінің мүшелері оқушылар арасында ескерткіштердің танымалдылығын арттыру, оқушыларды кітап оқуға баулу мәселесін көтеріп, мәдениет саласы қызметкерлерінің жалақысының төмен екенін алға тартты.

«Оқушыларды кітап оқуға баулу, тарихымызды білу, ұлттық сананы қалыптастыру жолында мәдениет қызметкерлерінің үлесі ерен. Ал бүгінде кітапханашы, археолог, музей қызметкері сияқты мамандықтардың мәртебесін көтеру – алдымен олардың жалақысын көтеруден басталады. Мәдениет саласы қызметкерлерінің жалақысын көтеру – уақыт күттірмейтін мәселе», – деді қоғамдық кеңес мүшесі, белгілі актер, Ш.Құсайынов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрының директоры Жарас Қалдаров. Мәселенің өзектілігімен келіскен қоғамдық кеңес мүшелері бірқатар ұсынысты жинақтап, тиісті мемлекеттік органдарға жолдады.

Дайындаған Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Оң мен сол

ҰННЫҢ ҚҰНЫН ЭКСПОРТТАЛҒАН БИДАЙ ТҮСІРЕДІ

Қазақстан ұн экспорты бойынша 2007 жылы әлемде көшбасшы атанды. Бірақ жаһандық деңгейдегі бірінші орнын небәрі үш жыл ұстап тұра алды. 2010 жылы Түркияға жол беріп, екінші орынға сырғыды. Бұл да зор жетістік. Алайда енді бізді Өзбекстан басып озатын түрі бар. Өзбек ағайын бұған дейін тұрақты түрде ұн экспорты жөнінен әлемдік жетекші елдердің «үштігіне» кіріп келген Францияны ығыстырды. Ғажабы сол, Өзбекстан Қазақстаннан 3,5 еседей аз бидай жинайды. Сонда бұл елдің құпия-сыры неде? Біздің елімізде неге осы сала кері кетіп барады?

Айхан ШӘРІП

ФАВОРИТТЕН АУТСАЙДЕРГЕ АЙНАЛМАЙЫҚ

Қазақстан 2022 жылы 22,8 миллион тонна астық жинады. Бұл 2021 жылғыдан 26 пайызға көп. Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегінше, бұл – соңғы онжылдықтағы жақсы көрсеткіш. Көрші Өзбекстан былтыр қамбаға 6,7 миллион тонна бидай жинаған. Бұл алдыңғы жылғыдан 6,4 пайызға артық.

Бұл жерде оңтүстік көршінің еңбек өнімділігі таңғалдырады. Мысалы, Қазақстан былтыр 16,1 миллион гектарға бидай екті. Ал Өзбекстанда бидай небәрі 1,4 млн гектар ғана алқаптан жиналады. Яғни, он есе кем. Сол себепті Қазақстан өзбек еліне қарағанда он есе көп астық оруы керек еді. Олай болмады, айырмашылық 3 еседей ғана. Бұдан шығатын байлам: өзбек ағайын аз ғана жерге дән сеуіп, көп өнім алады. Бізде астық әр гектардан 12,6 центнерден айналады, ал өзбектерде орташа шығымдылық әр гектардан 65-70 центнерден айналады.

Өзбектердің тағы бір алғырлығын Қазақстанның астық өңдеушілер одағы құрылтайшылар кеңесінің төрағасы Евгений Ганн айтып берді. Таяу жылдары Өзбекстан ұн экспорты жөнінен дүниежүзінде Қазақстанды төмен жылжытып, екінші орынға шығуы және Түркиямен үзеңгі қағыстыруы мүмкін. Және бұл істе оған Қазақстан көмектеспек.

Отандық сарапшылар көп жылдан бері Үкіметке бидайды шикізат түрінде шетелге шығаруды азайтып, оны өңдеп, қосылған құны жоғары өнім түрінде сатуды үздіксіз ұсынып келеді. Бірақ билік бұл сынға құлақ асып, ұн өндірісін дамытуға баса көңіл бөліп жатқан жоқ. Мұны Өзбекстан Үкіметі жасады. Көрші ел қазақ астығын арзанға алып, оны тартып, жаһандық қара базарға ұн, басқа да дайын өнімдер түрінде өткізіп жатыр. Мемлекетке қарасты O'zdonmahsulot (Уздонмахсулот) акционерлік қоғамының құрамына ірі 43 кәсіпорын, 52 диірмен кіреді. Бұдан бөлек, салада мыңға дейін жеке компания жұмыс істейді.

Ал Қазақстан астық өңдеушілер одағының басшысы Евгений Ганның мәліметінше, елімізде қазіргі уақытта шамамен 250 ірілі-ұсақты ұн тартушы кәсіпорын ғана тіркелген. Бірақ оның шамамен 70-і ғана жұмыс істеп тұр.

– Жыл сайын республикамызда 7 миллион тоннаға дейін бидай өңделеді. 2021 және 2022 жылдары 3,3-3,6 млн тонна ұн өндірілді. Бірақ оның жартысын – 1,8 млн тоннасын ішкі нарық тұтынады. Сұранысты өз өндірушілеріміз өтеп отыр. Диірменшілеріміз жыл сайын нарықтық бағамен 5,5 млн тонна бидай сатып алады. Олар – дикандардың ең ірі әрі тұрақты сатып алушысы. Тұтастай алғанда, шамамен 4,5 млн гектар егістің астығын солар кепілді түрде сатып алады, – деді Евгений Ганн.

Егер Үкімет ұн тартатын кәсіпорындарға жақсы жағдай жасап, саланың қарқынды дамуына соны серпін берсе, онда астықты шетелге шикізат түрінде сатудың да көп қажеті болмай қалар еді. Ұннан нан, тоқаш өнімдері ғана емес, печенье, макарон, кондитерлік тағамдар сияқты ондаған мың өнім түрі жасалады. Ұн жемазық (комбикорм), клейстер, сан алуан соус, панировкалар және басқасын жасауда пайдаланылады. Көрші Қытай бидайды экспорттау орнына ұн тартып, одан жылына 90 миллиард порция тез дайындалатын лапша шығарады.

АУҒАН ЕЛІ ҮШІН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Соңғы жылдары қазақстандық ұн экспортының нарығы Орталық Азиямен шектелді: елімізде өндірілген бидай ұнын негізінен Ауғанстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан сатып алады. Кейінгі кезде Қытайға да ұн экспорттау көлемін артыра бастады. Ағымдағы маркетингтік жылда 300 мың тонна ұн алды.

Әйтсе де, қазақстандық ұнның басты экспорттық нарығы – Ауғанстан: бұл ел 2022 жылы біздің халықаралық нарыққа жөнелтілген бүкіл ұнының 70 пайызын тұтынды. Қазақстандық қатты бидайдан жасалған ұн барынша көп өнім түрін шығаруға мүмкіндік береді. Сондықтан ауған халқы қазақ ұнын жоғары бағалайды. Сол үшін олар қазақ ұнын өзгелердікіне қарағанда қымбатқа сатып алуға дайын.

Осы сырды түсіне қойған өзбек кәсіпкерлері кейінгі жылдары қазақ бидайын көбірек импорттап, одан өндірілген сапалы ұнымен Ауғанстан нарығына шығып жатыр. Бұдан қатаң бәсекелестік орнап, қазақстандық жеткізушілерді ығыстыра бастады. Айталық, Солтүстік Қазақстан облысында ұн тартушы кәсіпорындардың 70 пайызы не банкрот болды, не жабылу қарсаңында тұр. Себебі ұн өткізу нарықтары жоғалтты, көлік, тасымал тарифтері екі еседей қымбаттады. Алыс нарықтарды игеруге мемлекет тарапынан қуатты қолдау жоқ, жол және логистика шығыны қашық елдерге ұн тасуды тиімсіз етеді.

«Мысалы, «Цесна» немесе басқа да қазақстандық бренд бар қаптамаға қапталған ұн Ауғанстандағы сөрелерде толып тұрады. Бірақ шынында ол Қазақстанда өндірілмейді. Қазақстан Үкіметі өз брендтерін шетелде қорғамайды. Оның қолдан жасалуымен күрес үшін халықаралық деңгейде қолға алып жатқан шаралары туралы естімеппін. Отандық ұн басты нарығымызға – Ауғанстанға Өзбекстан аумағы арқылы тасымалданады. Өзбектер экспортымызды шектеу үшін транзитке жоғары тарифтер енгізді. Үкімет соны төмендетуге қол жеткізуі тиіс. Онсыз қазақстандық ұн ақырғы тұтынушысына тым қымбатқа түсіп, бәсекелестік артықшылығынан айырылуда. Қазақстанның ұн экспорты жөнінен әлемдік рейтингтерде құлдырауының бір себебі осында», – дейді диірмен иесі, кәсіпкер Бағдат Оразбаев.

Оның мәліметінше, бүгінде жалғыз Өзбекстан ғана емес, Тәжікстан да, Ауғанстан да төл ұн тарту өнеркәсібін белсенді дамытып жатыр. Олар біздің бидайды тартып, ұн жасап алады, тиісінше, біздің ұннан бас тартады. Сондықтан кәсіпкерлер Үкіметке бұл елдерге бидай сатуға мораторий енгізуді де ұсыныпты. Сонда оларға жоғары сапалы қазақ ұнын сатып алудан басқа амал қалмайды. Қазақ ұнынан жасалған макарондардың АҚШ пен Италияда да жақсы сұранысқа ие екені мәлім. Әйтпесе, қазақ ұнының шетелдегі бүгінгі импорттаушыларының бәрі ертең содан жаппай бас тартуы мүмкін. Соның кесірінен ұн экспорты нарығынан толық айырылса, Қазақстанға тек бидай сату ғана қалмақ.

> *Өзбек кәсіпкерлері кейінгі жылдары қазақ бидайын көбірек импорттап, одан өндірілген сапалы ұнымен Ауғанстан нарығына шығып жатыр. Бұдан қатаң бәсекелестік орнап, қазақстандық жеткізушілерді ығыстыра бастады. Айталық, Солтүстік Қазақстан облысында ұн тартушы кәсіпорындардың 70 пайызы не банкрот болды, не жабылу қарсаңында тұр.*

ДИІРМЕНШІ НЕГЕ ЕЛДЕН АУДЫ?

2022 жылы Қазақстан шетелге 1 млн 850 мың тонна ұн және 400 мың тонна кебек сатты. Салыстырсақ, ұн экспорты шырқау шегіне жеткен 2010 жылы бұл көрсеткіш 2,3 миллион тонна болған. Сонымен бірге қазақ ұнының бағасы 10 пайызға немесе әр тоннасы үшін 340 доллардан 310 долларға дейін (DAP Сарыағаш) құлдырады.

№1 экспорттаушыға айналған Түркия жыл сайын әлемдік нарықта 3,5 миллион тоннаға дейін ұн өткізеді. Өзбекстан 2022 жылы 949 мың тонна ұнды экспортқа шығара алды.

Өйткені Е.Ганның айтуынша, Өзбекстанда бидай өңдеу қуаттылығы жыл сайын 2,5-3 млн тоннаға өсіп отырады. Өзбекстан Үкіметі жергілікті диірмендерді қолдаудың қуатты бағдарламасын іске қосты. Оларға арзан кредит, салықтық жеңілдіктер мен преференциялар сыртында протекционистік қолдау түрінде де артықшылықтар беріледі. Соның ішінде қазақстандық ұнды Өзбекстан аумағы арқылы транзитпен өткізу тарифін көтеру де бар. Оның орнына қазақстандық бидайды жеткізуге жеңілдік қарастырылған. Нәтижесінде, өзбектер қазақ астығының ірі импорттаушысына айналды. Егер 2021 жылы көрші ел 2 млн 762 мың тонна бидайымызды сатып алса, 2022 жылы бұл көлемді 3 миллионға (2,99 млн) жеткізген. Соның бәрін өзінде диірменнен өткізіп, ұн түрінде сыртқа қымбатқа саудалайды.

Осы орайда Өзбекстан Ауғанстанға жеткізетін ұн көлемін қарқынды арттыруда: 2020 жылы ауған еліне 721 мың тонна ұн жөнелтсе, 2021 жылы 949,1 мың тоннасын жолдады. 2022 жылы Өзбекстан Ауғанстанға гуманитарлық көмек түрінде ұн жеткізу бойынша БҰҰ тендерін жеңіп алып, табысқа кенелді.

Қазақстанның Ауғанстанға жеткізілімдері құлдырап барады: 2020-2021 маркетингтік жылы 1 млн 147 мың тонна ұн сата алды. 2021-2022 маркетингтік жылда бұл көрсеткіш 1 млн 74 мың тоннаға дейін төмендеді. Ағымдағы 2022-2023 жылғы көрсеткіш – 622 мың тонна.

Жалпы, кезінде Қазақстанның Ауғанстан нарығын жаулап алуына Пәкістан «көмектесті»: ондаған жыл бойы ауған елін өз ұнымен асыраған Пәкістан ағымдағы онжылдықта ұн экспорттаушысынан импорттаушыға айналды. Бұл өнім оның 230 миллионнан асатын өз халқын тамақтандыруға жетпейтін болды. Әрине, Қазақстан Пәкістанның ұлан-ғайыр нарығын игеріп алуына болатын еді. Бірақ Қазақстан Үкіметі оған баса мән бермей отыр. Тек 2022 жылы Термез (Өзбекстан) – Мазари-Шариф (Ауғанстан) – Кабул (Ауғанстан) – Пешавар (Пәкістан) теміржол бағытының құрылысына қатысу ниетін білдірумен шектелді.

Биыл отандық ұн экспортының көлемі қанша болатыны әзірге белгісіз. Ағымдағы 2022-2023 маркетингтік жылда 884 мың тонна ұн экспортталған. Сонымен бірге ұн бағасы арзандап кеткені әлгінде айтылды. Яғни, отандық ұн экспорттаушылардың табысы кемиді.

Мұның сыртында сарапшылар елдегі диірмендердің толық жүктемемен жұмыс істемейтінін, қосымша ресурстардың, электр қуатының, жанар-жағармайдың бағасы қымбаттағанына, логистикалық шығындардың да өскеніне назар аудартады.

Ел Үкіметі Өзбекстанның тәжірибесін игеріп, үлгі алуы үшін шенеуніктерден және бизнесмендерден тұратын ауқымды делегацияларды аттандырса, артық болмас еді. Сонда көршіде ұн өндірісін өркендету үшін қандай жағдайлар жасалғанын ұғынар еді. Әйтпесе, ұнды өз елімізде жасағаннан өзбек аумағында өндірген әлдеқайда тиімді әрі табысты екенін түсінген тәжірибелі қазақстандық кәсіпкерлер Өзбекстанда ұн тарту кәсіпорындарын ашып жатыр. Сондай-ақ өз елін тәліптер басып алғалы ауғандық диірменшілер де өзбек жеріне ауып, ұн өндіру кәсіпорындарын соған көшірді.

Ұнға қай кезде де сұраныс болады. Демек, Үкімет бағасы құлдырап бара жатқан мұнайға алдана бермей, ұн экспортын нағыз байлық көзіне айналдырудың қамына мықтап кіріскені абзал.

Өрлеу – өріс

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Жамбыл облысы Қордай ауданында бірер жыл бұрын болған жағдай талай жүрекке жара салғаны жасырын емес. Алайда сол бір оқиғадан кейін елді мекен еңсесін тіктеп, дамудың даңғыл жолына түсті. Соның анық бір көрінісі ауданда инвестициялық жобалар қарқынды қолға алынып, игілігін ел көріп жатыр.

Қордай ауданының әкімі Бегзат Болатбековтің айтуынша, биыл жалпы құны 32,5 миллиард теңгені құрайтын 118 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Нәтижесінде, аймақта 456 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Жобалардың қатарында сүт-тауарлы фермасын, құс фабрикасын, макарон цехын, көкөніс қоймасын, этнотуризм орталығын салу және балық шаруашылығын дамыту сынды баянды бастамалар бар.

Қазір елдімекенде Monterra Qasaqstan ЖШС тау-кен металлургия комбинатының, KORCEM ЖШС цемент зауытының құрылыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ ірі жобалардың қатарына Eco – Chicken модульдік құс фабрикасын салу және TARAZ EKO FISH ЖШС форель өсіру кәсіпорны кіріп отыр.

Сортөбе ауылындағы Korday Fish және Taraz Eko Fish ЖШС-ның екеуі де балық, оның ішінде форель өнімдерін өндіруге бағытталған. 2020-2021 жылдары жүзеге асқан Korday Fish жобасына мемлекет тарапынан 3,8 гектар жер телімі бөлініп, жылына 500 тонна балық өндіруге қауқарлы серіктестік консервілеу цехын да іске қосуға ниетті. Қазір 800 мың шабақ жеткізілсе, тағы 4 миллион шабаққа тапсырыс берілген.

Ал 5 гектар жерге орналасқан Taraz Eko Fish ЖШС жылына 60 тонна балық өнімдерін өндіруге жобаланған. Жалпы, Жамбыл облысы аумағында балық шаруашылығымен айналысуға ниетті кәсіпкерлердің саны күн санап артуда. Осы саланы дамыту мақсатында балық шаруашылығына бағытталған өңірлік бағдарлама әзірленді. Бағдарламаға сәйкес, өткен жылы облыс аумағындағы 464,3 тонна тауарлы балық өндіру жоспарланып, меже артығымен орындалып, 483 тоннаны құраған. Оның ішінде 436 тонна форель балығы болса, 47 тонна тұқымдас балық. Сондай-ақ биылғы бағдарламаға сәйкес 666,1 тонна тауарлық балық өсірілмек. Облыс әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, аталған көрсеткішке жету үшін 4,7 миллион дана балық шабағы қажет екен. Осыған орай шабақтар өңірдегі «Сандель», «Арнұр», «Алтын бұлақ» шаруа қожалықтары мен Шардара, Қапшағайда орналасқан балық өсіру тәлімбақтарынан алынады. Бұл бағыттағы жұмыстар қазір жандану үстінде.

Балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламасы бойынша 2024 жылы 1375,9 тонна тауарлы балық өндірісі қолға алынып, 2025 жылы бұл көрсеткіш 3 000 тоннаға жетеді деп күтілуде. Ол үшін 18 инвестициялық жоба қолға алынуда.

Осы орайда жобаларға жан үрлеп жатқан кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан түрлі қолдау көрсетіледі. Мәселен, 2022 жылы жергілікті бюджеттен акваөсіруді субсидиялауға 78,2 миллион теңге бөлінсе, оның ішінде балық жемдерін сатып алуға кететін шығындардың 30 пайызын субсидиялауға 45,1 миллион теңге, балық шабағына 33,1 миллион теңге бағытталған. Ал 2023 жылы акваөсіруді субсидиялауға 281 миллион теңге қаралуда.

– Балық шаруашылығын дамыту өңдеу цехтарын ашуды қажет етеді. Облысымызда балық өңдеумен айналысатын екі балық зауыты бар. Олар – Мойынқұм ауданында орналасқан Мыңарал балық зауыты мен Меркі ауданындағы Меркі балық зауыты. Екі зауыт та жылына 1 500 тонна балық өңдеуге қауқарлы. Сонымен қатар биыл ALFISH ЖШС-ны Мойынқұм ауданы Мыңарал стансасының маңынан жылына 1 000 тонна балық өңдеуге қуатты цехтың құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Облыс аумағында жалпы сомасы 1,9 миллиард теңге болатын қуаттылығы 1 828 тонналық 18 жаңа инвестициялық жоба жұмысы ұйымдастырылуда. Оның ішінде 8 карп балығын өсіру, 9 форель балығын өсіру және 1 африкалық жайын, бекіре балығын өсіру шаруашылығы бар, – дейді Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Данияр Башанов.

Иә, осылайша өңірде инвестициялық жобалардың өрісі кеңеюде. Бұл, әрине, облыс экономикасынан бөлек әлеуметтің әлеуетін де артыратыны анық.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Көкейкесті

СКУТЕР МІНГЕН ДЕ ЕРЕЖЕНІ САҚТАЙДЫ

Көлік кептелісін азайтуға, қала экологиясын жақсартуға септігін тигізетін жеңіл көліктің бірі – «самокат» деп атап кеткен электр скутер. Ыңғайлы көліктің шығыны аз, құны автомобильден арзан болғандықтан оны тізгіндеушілер қатарында жастар мен жасөспірімдер көп. Олардың кейбірі қарапайым ережені сақтамай, жаяу жүргінші жолына шығып, жылдамдықты асырып, тротуардағыларға қауіп төндіре бастады. Сондықтан қала тұрғындары электр скутер мен моноцикл жүрісін реттеуді талап етуде.

Жәнібек АМАНГЕЛДІ

МИКРОМОБИЛЬДІ КӨЛІККЕ ШАҒЫМ КӨП

Екі дөңгелекті көлік тротуарда жүргенде аса сақ болуды қажет етеді. Өйткені оның жылдамдығы сағатына 40-80 шақырымға дейін үдейтіндіктен, оған соғылған адамның жарақаты да жеңіл болмасы анық. Жүргіншілер жолында балалар, қариялар, бала арбасымен әйелдер жүретінін қаперге алсақ, жағдайдың қаншалықты қауіпті екеніне көзіміз жетеді.

Деректерге жүгінсек, скутердің кесірінен 2021 жылы бір адам қаза тапқан және 71 адам жарақат алған. Былтырғы осындай мәліметтерді сұрастырып, біз Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне жүгінгенде, мұндай жекелеген статистика жүргізілмейтіні жөнінде жауап алдық.

Мәжілісте осы көлікке қатысты заң жобасын талқылау барысында Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха былтыр елімізде осындай 43 апат болып, бір адам қаза тапқанын мәлімдеді.

«Жол бойында самокат пен автокөлік соқтығысқан жағдайда ғана статистика жүргізіледі. Олардың барлығы Алматыда тіркелді. Биылдың өзінде осындай екі факті бар. Бірақ бұл – электр «самокаттың» автокөлікпен немесе мотоциклмен соқтығысқан кездегі статистикасы. Жаяу жүргіншілер жолағында апаттар әлдеқайда көп. Алайда бұл оқиғалар бойынша статистика жүргізілмеген. Енді көліктің осы түріне қатысты нақты талаптарды заңдастырсақ, Бас прокуратура мұндай статистиканы да қамтиды», – деді вице-министр.

Айта кетерлігі, елімізде электр скутерлер саны жыл сайын көбейіп келеді. Оған нарықта осы көлікті жалға беретін кикшеринг сервисін ұсынатын компаниялар қатары артқанын қосыңыз. Осындай көлікке бейімделмеген қолданыстағы көлік инфрақұрылымының жүктемесі қазір еселеп артып кетті. Оған тұрғындардың, жаяу жүргіншілердің шағымы жиілеп кеткені куә. Өйткені электр скутер өзінің арнайы жолы болмағандықтан, веложолақтардың аз болуына байланысты тротуар, серуен жолдарына шығып кетуге мәжбүр болып отыр. Ал адамдардың қауіпсіздігін сақтау үшін жедел түрде бастапқы ережелерді енгізу қолға алынып, шектеу шаралары заң жүзінде енгізіле бастады.

Сонымен қатар шеринг компаниялардың қызметінде мән беретін тұстар көп. Айталық, электр скутерді жүргіншілер жолының ортасына қалдырып кететініне жиі куә болып жүрміз. Ол жаяу жүргіншілерге, сәби отырған арбаның өтуіне кедергі келтіреді. Сондай-ақ көлік жолына тастап кету немесе көлік тұрағына қойып кетушілер де табылады.

Алайда кикшеринг компаниялар скутер тұрағы әкімдікпен келісіп таңдалғанын әрі ол көлікке, жүргіншіге немесе көлік тұрағының айналасына кедергі келтірмейтін жерде орналасқанын алға тартады.

Мысалы, Алматыда жалға берілетін скутерге арналған тұрақтар белгіленген. Арнайы тұрақ болса, жалға алушылар электросамокатты жаяу жүргінші мен көліктерге кедергі келтірмейтін орынға қояды делінеді.

Компания қолданушысын тәртіпке шақырып, оны ынталандыруды қолға аламын десе, кедергі көріп тұрған жоқпыз. Алайда олар заңмен шектелмесе, өздігінен құлшыныс таныта бермейді.

ЗАҢ МӘСЕЛЕНІ РЕТТЕЙ МЕ, ӘЛДЕ ШЕКТЕЙ МЕ?..

Айта кетерлігі, электр скутер – жаңа көлік түрі. Сондықтан электр скутер, гироскутер, моноцикл сияқты шағын электр көліктерін қадағалау, заңнамадағы мәртебесін белгілеу, шағын электр көлігін жүргізушінің құқығы мен міндетін анықтау міндеті тұрды. Ең алдымен былтыр электр скутердің стандарты қабылданды. Ендігі электр скутерге қатысты бірнеше заң өзгерту қолға алынды. Соның нәтижесінде кеше Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қабылданды.

Осы құжатты талқылау барысында Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов көліктің бұл түрін жасы 18-ден асқан және мотошлем мен жарық шағылыстыратын киім киген азамат басқара алатынын мәлім етті.

Былтыр заң жобасы әзірлене бастағанда бұл жас шегі 16 жас шамасында болады деп келді. Өйткені жол жүрісі туралы заңға сәйкес мопед жүргізуге рұқсат беретін куәлікті 16 жаста беріледі. Ал электр скутер осы мопедпен бір түрге жатқызылады деп келді. Алайда көпшілік пікірін ескеріп, мән-жайды егжей-тегжейлі қарастырған заң әзірлеушілер жас шегін 18-ге жеткізуді құп көрген болып отыр.

Аталмыш Парламент депутаттары әзірлеген заң жобасында электр самокаттардың жүрісін реттеу бойынша алғашқы түзетулер топтамасы ұсынылды. Құжатта электр скутер көлік құралы ретінде танылады, сондай-ақ жүру жылдамдығы сағатына 25 шақырымға дейінгі көлік құралы санатына жатқызылады. Ол велосипед жолдары мен жол жиектерінде шектеусіз жүре алады.

Отырыста депутат Руслан Берденов Алматыда кикшеринг компаниялар жиынына қатысқанын айтып өтті. Кәсіпкерлер, шектеулер жаңа ашылған кәсіпке кедергі келтіретінін жеткізген. Олар жүргізушіге талап қою мен жылдамдықты төмендетудің орнына сақтандыру жүйесімен жұмыс істесек деген ұсыныс көтерген. Заң жобасын әзірлеуге қатысқан Екатерина Смышляевадан осы сұраққа жауап берді. Депутат бұл тиімді бизнес екеніне тоқталып, кикшеринг компаниялар адамдарды жұмыспен қамтып, салық төлеп отырғанын жасырмады.

«Алайда кез келген бизнес біздің азаматтар үшін қауіпсіз болуы тиіс. Біз осы қағиданы басшылыққа алдық. Сақтандыру жайына келсек, өтемақы беру жөніндегі ұсыныс жолда төтенше жағдай болған соң жасалады. Сақтандыру өтемақысы жарақат салған адамды тыныштандыра ала ма?» – деген Екатерина Смышляева сақтандыру жағдайы кейін қарастырылатынын атап өтті.

Депутаттар қазіргі электр көлік жүргізушісіне куәлік талап етілсе, оның құқығына нұқсан келмей ме деп сұрады. Оған жауап берген Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха «заңға қол қойылған соң күшіне енуі үшін 60 күндей уақыт бар болғандықтан бұл мерзім азаматтардың өз құқығына қатысты жағдайды білуіне жеткілікті уақыт деп санайтынын атап өтті. Сонымен қатар вице-министр елімізде 7 млн-нан астам адамда жүргізуші куәлігі бар екенін алға тартып, олар жол ережесін білетіндіктен куәлік алушылар қатары көп болмайды деген түйін жасады.

Депутат Арман Қалықовтың айтуынша, электр скутердің тротуарда жүруіне толық тыйым салыну көзделген. Жұмыссыз тобы осы тыйымды алып тастап орнына жылдамдықты сағатына 6 шақырым етіп қалдыруды ұсынған. «Шектеудің бұл шегі неге негізделген? Өйткені жаяу жүргіншілер аймағында жылдамдықты тіркейтін камера жоқ. Сонымен қатар самокаттың өзінде тіркеу нөмірі жоқ. Осындай жағдай анықталса самокат жүргізушісі қандай шаралар қолданылады?», – деп сұрады.

Екатерина Смышляеваның жауабына сенсек, мұндай жылдамдық шамамен тротурадағы жаяу жүргіншілер легінің жылдамдығына жақын екен. Оны көзбен шолып анықтау қиын емес болып шықты.

«Жаяу жүргінші жылдамдығы – шамамен сағатына 3,5 шақырым. Самокат жылдамдығы одан бірнеше есе қатты болса, ол кез келген видеода айқын көрініп тұрады. Сондықтан оны сотта тез дәлелдеуге болады. Әрі осы жылдамдық тежеу жолын барынша қысқартып, тез тоқтауға мүмкіндік береді», – деді депутат.

Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеханың айтуынша, тротуарда басымдық жаяу жүргіншіге берілгендіктен кез келген даулы жағдай жаяу жүргіншінің пайдасына шешілмек.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨЛІКТІ ДАМЫТУ ҚАЖЕТ

Микромобильді электр көліктері қала экологиясына жақсы әсер ететіні сөзсіз. Алайда оның тез көбеюі салдарынан қажетті инфрақұрылымды жабдықтау қала әкімшілігі тарапынан қолдауды және қала жоспарын әзірлеуде түбегейлі шешімдерді талап етеді. Бұл көлік еліміздің оңтүстік өңірлері, климаты жайлы мегаполистері үшін өте қолайлы. Жанармай шығыны талап етілмейді, оны қуаттауға үйдегі қуат көзі жеткілікті. Әрі көліктің бағасы да бюджеттік автокөліктен жүздеген есе арзан. Сонымен қатар көлемі шағын болғандықтан үлкен даңғыл мен кең көшені талап етпейді. Шағын орамдар арасында жұмысқа қатынауға, яки қашық емес тұстарға жетіп алуға өте ыңғайлы. Алайда әрбір оңтайлы көліктің пайдалану шегі бар. Өйткені оның жүруіне еркіндік берілетін веложолақтар қала жолдарымен салыстырғанда аз. Оларды төсеу мен қашықтығын арттыру жағы елімізде мейлінше баяу жүргізіліп жатыр. Велосипед, электр скутер, моноцикл секілді экологиялық көлік таңдаушылар қатары жыл сайын еселей беретінін ескерсек, оның инфрақұрылымын дамыту баста назарда болуы тиіс.

Урбанистер кептелісі көп Алматы секілді қалада «самокатшылар» автомобильмен қатынай бастаса экологиялық, көлік қарқыны жағдайының бұрынғысынан да шиеленісе түсетінін болжайды. Сондықтан қоғамдық көлік пен микромобильді транспорт түрлеріне жағдай жасалуын күтіп жүрген автокөлік жүргізушілерге күте тұруына тура келеді.

Түйткіл

САНКЦИЯ САЛҚЫНЫ: «КӨРШІҢ СОҚЫР БОЛСА...»

Геосаяси қақтығысты тудырып отырған көршіміздің кесірінен еліміз де кей тұста жаманатты болып қалатыны шын. Жақында АҚШ пен Батыс елдерінің билік өкілдері Ресейге салынған санкцияның жайын қайта талқылауға көшті. Бұл жолы бәрінен бұрын реэкспорт мәселесінде «Мәскеуге көмектесіп жатыр» деген желеумен Орталық Азия елдеріне қысым болуы мүмкін екені айтылыпты. Осы тұста біз «шынында да еліміз санкцияны бұзуға септесіп отыр ма?» деген сауалға жауап іздеп көрдік.

Мадияр ТӨЛЕУ

КЕЛІСПЕЙТІН КЕСІМ

Шынында, Орталық Азия елдері, соның ішінде санкцияның қауіп төнуі мүмкін екені жайлы хабарлар бүгін шыққан жоқ. Мәселен, былтыр наурызда Британ Парламентінің мүшесі Маргарет Ходж Қазақстан мен Әзербайжан елдері «Ресейді қолдайды» деп мәлімдеп, қос мемлекетке санкция салу туралы бастама көтерген болатын. Дегенмен кәрі құрлық елінің Сыртқы істер министрлігі бұл тақырыпты жылы жапты. Бәрі басылды дегенде, өткен айда тосыннан АҚШ Қазақстанға қайталама санкциялар бойынша ескерту жасағаны хабарланды. Нақтырақ айтқанда, банктер мен компанияларға қауіп бары айтылған. Себебі Ресейдің шектеулерді айналып өтуіне ықпалдастық көрсеткендер бар екен. Қош, сонымен таяуда Bloomberg агенттігі Ресейге жаңа санкциялар пакетін енгізу мәселесі талқыланып жатқанын жазды. Ақпаратқа сәйкес, бұл жолы Ресейге реэкспорт мәселесінде көмектесіп отырған елдер, атап айтқан Орталық Азия елдеріне де жанама салық салыну мүмкіндігі туған. Демек, кәрі құрлық елдері мен АҚШ бұрын «мүмкін» санаған дүниелерін шындап іске асыруға ниетті секілді.

Дегенмен еліміздің Ресейге тауар экспорттайтыны жасырын емес. Көршіден ат ізін алыс салу қиын болатыны айтпаса да белгілі. Жоғарыда айтқан жаңалық тараған соң Energyprom сарапшылары Қазақстаннан Ресейге экспортталып жатқан 11 тауар санатына талдау жасап көрген екен. Портал зерттеуіне сенсек, Қазақстанға 2022 жылы есептеу және тұрмыстық техника бойынша 11 тауар санатының ішінде сегізіне қатысты импорт өскен. Олардың кейбіреулері бойынша өсім айтарлықтай көп. Желдеткіштер, сорғыштар, өнеркәсіптік кір жуғыш машиналар үш есеге жуық, телевизиялық қабылдағыштарының импорты 44,5 пайызға артқан. Тауарлардың басым бөлігінің импорт көлемі 12 пайыздан 15 пайызға ұлғайған. Міне, санкция шырмауын күшейтуге мүдделі елдердің күмәнданатын тұсы да – осы. Биыл қаңтар-ақпан айларында өсім тіпті жалғасып, күшейді. Ұлттық статистика бюросының деректеріне қарасақ, осы кезеңде елімізге телевизиялық қабылдағыштар мен электрондық есептеу техника, миксерлер екі есе, бейнекамералар үш есе, кір жуатын машиналар алты есе көп әкеліне бастаған. Әйтсе де, тағы бір дүние бар: аталған тауарлардың импорты өсуіне тек өзге елге сату ықпал етпеген, ішкі сұранысымыз да артуда. Мысалы, бейнекамералар еліміз аумағында 2023 жылдың қаңтар-ақпан айларында былтырғы жылдың алғашқы екі айымен салыстырғанда үш есе көп сатылыпты. Ішкі нарықта теледидарларды өткізу көлемі 38,4 пайызға, электрондық есептеу техникасы 82,8 пайызға, түрлі тұрмыстық электромеханикалық аспаптар 70,6 пайызға артқан. Ендеше «Қазақстан тұрмыстық техниканың бәрін тек Ресейге өткізу үшін көптеп сатып алып жатыр» деп кесіп айтуға болмайды.

Осы тұста ескерер жайт – еліміз сәуірден бастап тауар қозғалысын бақылауға көшіп, Мәскеуге салынған санкциялардың бұзылмауына ішінара тосқауыл қоятын болған еді. Яғни, Қазақстанның мемлекеттік құрылымдары реэкспорты мәселесін көршіге көмек етіп отырған жоқ. Бұл жерде көп нәрсені іске асырып отырған жеке кәсіпкерлер. Оларға саясаттан бұрын, өзінің табысы маңызды екені анық. Сондықтан Ресейге тауарларын тасымалдай береді.

«Реэкспортпен жекеменшік бизнес айналысады, оларға қазір осы тиімді. Өйткені Ресейде тұрмыс техникасы мен электроника, смартфондар мен басқа да заттарға сұраныс артты. Қазақстандық кәсіпкерлер бұдан жақсы пайда табуда. Бірақ бұл ұзаққа бармайды. Батыс елдері бұны әлдеқашан байқап, бақылап отыр. Дегенмен олар елімізге санкция салуға бармайды деп ойлаймын, оларға бұның керегі жоқ. Қазақстан оларға транзиттік аймақ. Сондықтан процесс жалғаса береді, шектеулер қояды, ескерту жасайды, жекелеген компанияларға санкция да салар. Осындай режимде жүре береді деп ойлаймын, – дейді Айдар Әлібаев.

РЕСЕЙДЕН ДЕ ТЕХНИКА ТАСЫМАЛДАЙМЫЗ

Иә, осы жылы қаңтар мен ақпанда барлық санаттар бойынша өсім бар. Жыл басында Қазақстан өз елінде өндірмейтін тауарлардың реэкспортын біршама арттырды. Импортты және экспортты бірдей көлемде параллельді ұлғайту схемалары тауарлардың үш санаты — тұрмыстық кір жуғыш машиналар, теледидар қабылдағыштары және электронды есептеу техникасы бойынша ғана қаралады. Бір қызығы, Қазақстанға импорттталатын тұрмыстық һәм есептеу техникасының негізгі бөлігі Еуропа мен АҚШ өндірісі емес. 2022 жылы осы тауарларды импорттаудың нақты көлеміндегі елдердің үлесін есептеу Еуроодақ мен АҚШ елдерінің мұндай өнімнің негізгі түрлерінің импортындағы үлес салмағы 5 пайызға әрең жететінін көрсетті. Тек екі ірі тауар тобы бойынша батыс мемлекеттерінің үлесі жоғары. Қазақстанға шаңсорғыштар импортындағы АҚШ пен Еуроодақ елдерінің үлес салмағы 10,4 пайыз, интегралды электрондық схемалар 10,1 пайызды құрады.

Еуропамен салыстырғанда АҚШ-тан келетін тауар өте аз. Қазақстан үшін тауар жеткізудегі негізгі еуропалықтар – Польша, Литва, Германия, Чехия, Ұлыбритания. Елімізге электрониканы негізінен Қытай, Түркия, Вьетнам мен Гонконг жеткізеді. Оның ішінде Қазақстанға электрондық тауарлардың едәуір бөлігін импорттайтын Ресейді де қосыңыз. Сонда Қазақстан тауар жеткізуде жымысқы жолмен делдалдың рөлін атқарып отырмағанын көресіз.

Қазақстаннан қайта экспорттатын электрониканы сатып алушылар – Ресей, Орталық Азия елдері. Кондиционерлер, компьютерлер, шаңсорғыштар, бейнекамералар, мониторлар мен интегралды электронды схемалар сияқты өнімдер үшін Ресей жетекші сатып алушы екені рас. Оның Қазақстаннан экспорттағы үлесі 64 пайыздан асады. Тоңазытқыштар, кір жуғыш машиналар, телефондарға келсек, олар негізінен көршілес Орталық Азия елдеріне экспорттатады.

Еліміздің Ресейге бағытталған экспортын қарастырсақ, 2022 жылы барлық позиция жағынан өсті. Бұл тұста Кеден статистикасы бойынша, ашық дерекқорларда экспорттталған тауарлардың белгілі бір өндіруші елге тиесілігі туралы мәліметтер жоқ. Айта кеткен жөн, The Moscow Times басылымы Кремльдің посткеңестік кеңістіктегі ең ірі сауда серіктесі саналатын Қазақстан Ресейге параллель импорт тасымалдайтын жүктерге өз шекарасын жапқанын жазған еді. Сондықтан қалай алғанда да Қазақстан Ресейге салынған санкция ережелерін бұзуға мүдделі емес. Шекаралас болған жерде тауардың алыс-берісін толықтай тоқтату мүмкін емесі айдан анық. Ал АҚШ пен Еуропаның санцияға Қазақстанды қосу жайлы айтқаны, әдеттегі ескертудің бірі тәрізді. Олай болмаған күннің өзінде қауіп кейбір жеке компанияларға ғана төнуі мүмкін.

«Қасірет пен тағдыр» романы жапон тіліне аударылды. Қазақ тілінен тікелей жапон тіліне аударған – Масуджима Шигенобу. Жапон тіліндегі кітаптың тұсаукесері Токиода өтті. «Қасірет пен тағдырмен» қатар белгілі суретші Кәріпбек Күйіковтің де «Жасанды күн» көрмесі қойылды. Жапониядағы сапар туралы жазушы Сәуле Досжанға бірер сауал қойған едік.

Біздің сұхбат

Сәуле ДОСЖАН, жазушы:

КҮНШЫҒЫС ЕЛІ – ДАНАЛЫҚТЫҢ БЕСІГІ

– Сәуле апай, «Қасірет пен тағдыр» романы жапон тіліне аударылып, Жапонияда тұсауы кесілді. Романды жапон тіліне аудару идеясы қалай келді?

– Осы орайда бұл сапарды ұйымдастыруға атсалысқан ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының директоры Олжас Сүлейменов пен орынбасары Салтанат Әшімоваға және «Невада-Семей» халықаралық ядроға қарсы қоғамдық қозғалысының вице-президенті Валерий Жандәулетовке, осыдан бір жыл бұрын кітапты жапон тіліне аудару туралы идеясын айтқан Орталықтың Астана филиалының директоры Үмітхан Мұналбаеваға рақмет айтқым келеді.

Бізбен қарағандылық делегация да бірге келген еді, соның ішінде суретші Кәріпбек Күйіковты жалғыз жібермей, қолдау білдіріп барған Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ербол Әлікұлов пен Мәдениет басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакеновке және командасына ризашылығымды білдіремін.

ЮНЕСКО мәдениеттерді жақындастыру орталығының ұсынысымен, Жапонияның Қазақстандағы елшілігінің қолдауының арқасында бұл жұмыс нәтижелі аяқталды. Қазақ тілінен тікелей жапон тіліне аударған – Масуджима Шигенобумен осы уақыт ішінде жақсы қарым-қатынас орната білдік, ол кісі Жапония сапарында аудармашы болып, қасымызда бірге жүрді.

– Жапонияда Кәріпбек Күйіковтің «Жасанды күн» көрмесі ашылған екен. Көрме мен кітап тұсаукесері белгілі бір датаға орайластырылған ба?

– Әрине, «Қасірет пен Тағдырдың» мұқабасындағы сурет – Кәріпбектің еңбегі. Кәріпбек Күйіков – антиядролық тақырыптағы суреттерімен әлемге танылған қылқалам шебері. Біздің таныстығымызға біраз жыл болды. «Қасірет пен тағдыр» кітабының мұқабасына суретін қоюға рұқсат сұрап хабарласқанда, сөзге келмей келісімін берген еді. Үлкен жүректі азамат. Осы жолы Жапонияға бірге барып, Токио Ұлттық Музейінде «Жасанды күн» көрмесі қойылды. Оған тақырыптық 14 суретін апарыпты. Көкеңнің онда бару себебі, бір жағынан маған қолдау білдіріп барса, екінші жағынан ұйымдастырушылар тұсаукесер мен көрмені бір бағдарламаға енгізген екен. Бұл күні «Ақтастағы Ахико» елі қылқалам шебері Кәріпбек Күйіков екеуіміздің шығармашылық тандемімізге тәнті болды. Сурет көрмесі жоғары деңгейде бағаланды.

– Жапон еліне барған соң сапар қалай өрбіді?

– Ақбас Алатаудың бауырында өскен арманшыл қазақтың бір қызын қарт Фудзияма құшақ жая қарсы алады деп кім ойлаған? Алайда армандар орындалады екен. Ұшақ қанатында самғап, алдымен Сеулге, одан ары қарай Токиоға жеттік.

ҚР Жапониядағы елшісі Сабыр Ердембеков қазақстандық делегацияны жылы қарсы алды. Отанынан келген делегацияға елшілік жақсы қолдау білдірді. «Қасірет пен тағдыр» кітабының жапон тіліне аударылғаны үлкен жетістік екенін атап өтіп, кітапқа «екі ел арасын жақындата түсетін рухани дәнекер» деген баға берді.

Мен де елшіге үлкен алғысымды айтып, қазақ елінде Мураками сияқты мықты жазушылар көп екенін, тек әлемге құлаш сермей алмай жатқанын айттым. Қазақтың талантты жазушылары көбірек аударылып, кітаптарын әлемге тарата беру керек деген ойымды жеткіздім.

Елшіліктің арнайы біз үшін құрылған бағдарламасы бойынша Токио мұнарасына жол тарттық. Елшілік бізге қала ішінде жүріп-тұруымызға жағдай жасап, іші кең, керемет көлігін көлденең тартты. Барлық ықыласы мен құрметіне риза болдық.

Жүрегім лүпілдеп, бір ерекше толқыныс сезімін басымнан кештім. Енді ше, ертең Токио Ұлттық музейінде Семей ядролық сынақ полигонының халқымызға тигізген зардабы туралы «Қасірет пен тағдыр» романымның тұсаукесері өтпек. Соңғы он жылдың есебімен алғанда, қазақ жазушысының шығармасы жапон тіліне аударылып, онда тұсаукесері өтіпті дегенді естімеппін. Сондықтан бұл өзім үшін де, қазақ руханияты үшін де үлкен жетістік болды.

Жапония –тынық мұхит аралдарына орналасқан мемлекет. Ол өзінің алға озып кеткен технологияларымен танылған. Салт-дәстүрін сақтай білген, жоғары мәдениетімен баурайтын ел. Сонымен қатар күншығыс елі – әлемдік даналықтың бесігі. Философиясы терең. Бір «Икигай» ережесі неге тұрады? Бұл – адам болу негізі туралы жапон ережесі. Сапалы өмір сүру үшін «өзіңнің мықты жағыңды анықтап, соны дамыта біл, өміріңнің әр сәті жаныңа ләззат сыйлауы керек» дейді жапон даналығы.

Токио Ұлттық музейінде өткен кітап тұсаукесеріне жапон әдебиеті өкілдері, қазақ диаспорасы, студенттер келіпті. Тұсаукесер өте жоғары деңгейде өтті. Тұсаукесер шымылдығын Қазақстанның Жапониядағы елшісі Сабыр Есімбеков ашып, екі ел арасындағы әдеби және мәдени байланыстарды дамытудың маңыздылығын айтып өтті.

«Жапония – Еуразия» ядроға қарсылық қоғамының президенті Сока Гаккай сөз алып, Семей ядролық сынақ полигоны туралы шығармаға жоғары баға берді. Маған «Ядролық жарылыстарға қарсы Әлемді бейбітшілікке шақыратын кітап жазғаны үшін» сертификатын табыстады. Өз кезегімде 12 миллион мүшесі бар қоғамның Президентіне алғысымды айтып, кітабымды сыйға тарттым.

– Жапон әдебиетінде атом бомбасының зардабына қатысты, полигон тақырыбында жазылған шығармалармен үндес көркем дүниелер бар ма?

– Хиросима қаласының мәрі қабылдағанда бұл тақырыпқа жазылған деректі дүниелердің көп екенін атап өтті. Менің «Қасірет пен тағдырымды» атом зардабын көрсеткен алғашқы көркем шығарма деп бағалады.

Ал бізде өздеріңіз білесіздер, полигон тақырыбындағы дүниелерге келгенде, Кешірім Бозтаев, Медеу Сәрсекенің қабырғалы дүниелері еске түседі. Бұл полигонның қазаққа залалы зор екенін кезінде Мұхтар Әуезов айтқан екен. Ол кезде цензура қатты кез. Кешірім ағамыз қызметте істеген кезінде архивтерді ақтарып, «құпия» белгісі бар видеоматериалдарды көріп, жылаған екен. Атом бомбасын сынап қана қоймай, жергілікті адамдарға, мал-жанға неше түрлі сынақ жүргізген ғой. Кешірім Бозтаев сынақ кезінде еті ағып түсіп қалғандарды сол видеодан көрген. Сынақ жасалған адамдар атылып кеткен де, із-түзсіз жоғалғандар қатарына енгізілген. Бұл туралы «Қасірет пен тағдырдың» екінші кітабы «Үзілмеген үмітте» ашып жазғанмын. Ақындардан Серік Ақсұңқарұлы, Бауыржан Жақып, Тыныштықбек Әбдікәкімов өлеңдерін енгіздім романыма. Полигон зардабын суреттейтін Бекежан Тілегеновтың «Қара жел» романы бар.

– Сапардан алған әсеріңіз қандай? Бұл сапар несімен ерекшеленеді?

– Сапардың ерекшелігі өте зор болды. Біз келесі күні Хиросимаға жол тарттық. Токио уақыты таңғы сағат 5.00. Электричка атқан оқтай зулап Хиросимаға бет алды. Сағатына 350 шақырымды еңсеретін темір жол көлігінің жылдамдығы ұшаққа бергісіз. Жылдамдық алған кезде магнит өрісінен тұратын темір табанынан ажырап, құстай ұшатынға ұқсайды. Алыстан Фудзияма шыңы мұнартады. Бұл тау Хонсю аралындағы Сидзуока шеңберінде орналасқан, әлемдегі ең әдемі жанартаулардың бірі әрі Жапонияның символы.

Қазақстаннан келген делегация Хиросима қаласына жеткен соң, Бейбітшілік саябағындағы атом бомбасы құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойдық. 1945 жылы тамызда Американың бомбалаушы ұшағы Хиросимаға атом бомбасын тастап, одан 80 мың адам қаза тапқаны белгілі. Бұдан үш күн өткен соң Нагасакиге де осындай атом бомбасы тасталған. «Қасірет пен тағдыр» романында бұл туралы ашып жазамын. «Атом қасіреті қайталанбасын! Ел мен жерде бейбітшілік болсын!» деген тілек айттық. Бізді Хиросима қаласының мәрі Казуми Мацуи қабылдады. Мацуи сан 1945 жылы 6 тамызда жапондар ядролық қарудың тікелей құрбаны болғанын еске ала отырып, адамзат үшін атом қаупі әлі де жоқ емес екенін ескертті. Өз кезегімде сөз алып, қазақ пен жапон халқы ортақ қасіретті бастан кешіргенін айта келіп, келешек ұрпақ үшін ядросыз әлем құрудың маңыздылығына тоқталдым. «Қасірет пен тағдыр» романын жылы қабылдаған жапон халқына алғысым шексіз екенін жеткіздім. Жапон әншісі Мичида Риокко Ұлықбек Есдәулет ағамыздың сөзіне жазылған «Заман-ай» әнін орындады.

Бұдан кейін қазақстандық делегацияны Хиросима музейінің директоры Такехиро Кагава қабылдады. Бұл кісі Семей жерінде болған екен, жалпы, қазақ еліне төрт рет жолы түсіпті. Ол қонақтарға жапондардың ұлттық дәстүрі – шәй рәсімін зор ілтипатпен ұсынды. Маған «үйге барғанда рамаға салып қоясыз» деп, Хиросима трагедиясы бейнеленген гобеленді сыйға тартты. Біз де өз тарапымыздан ұлттық дәстүрден таймай, Такехиро санның иығына шапан жаптық. Қолтаңба қойылған кітабымды сыйладым. Музей Хиросимадағы мемориалдық Бейбітшілік бағы аумағына орналасқан. Жобасын сызған әйгілі жапон сәулетшісі Кэндзо Тангэ екен. Музей кешені екі үлкен корпустан тұрады, біріншісінің аумағы 1 615 ш.м. болса, шығыс қанаты 10 098 ш.м. құрайды.Сәулет идеясы күл болған жерінен қайта еңсе тіктеуге қабілетті қайсар рухты көрсеткісі келген. Бұл жерде атом трагедиясының ұмытылмас ескерткіші ретінде сол қалпында сақталған ғимараттар да бар.

Осы сұхбатты пайдалана отырып, жасаған зор еңбегі үшін аудармашым Масуджима санға, жобаға қолдау білдірген Олжас Сүлейменовке, кітапты аударуға демеу көрсеткен кәсіпкер И.А.Сауэрге, Қазақстан – Жапония арасына көпір салып, жол шығынымызды бір кісідей көтерген Қарағанды облысы әкімшілігіне, кітап мұқабасына өзінің әлемге танымал суреттерін қоюға келісім берген суретші Кәріпбек Күйіков ініме, тағы да басқа ұйымдастырушы, қолдаушыларыма зор алғысымды білдіремін.

Әңгімелескен
Г.ТҰРҒАНБАЙҚЫЗЫ

Өзекті

ФИЛАРМОНИЯ ПАНА СҰРАЙДЫ

Саф өнердің саңлақтары жиналған Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония апта сайын көрермендерін жаңа концерттермен қуантып келеді. Қазақ оркестрі, симфониялық оркестр, үрмелі оркестр, ішекті квартет, камералық хор, фольклорлық ансамбль сияқты 11 шығармашылық топтан құралған ұжымның әр өнер көрсетуінің артында жанкешті еңбек жатқанын бірі білсе, бірі білмейді. Астаналық филармонияның өнер көрсететін сахнасы болса да, әлі күнге дайындық жасайтын арнайы орындары жоқ. Онымен қоса, шетелде елде үрдіс алған балалар филармониясы әлі ашылмай келеді.

Көктем ҚАРҚЫН

Елдар ҚАБА (*коллаж*)

ҒИМАРАТҚА ЖАРЫМАЙ ОТЫР

Филармония алғаш рет Ақмола облыстық филармониясы болып 1997 жылы құрылды. Аз уақыт ішінде өнер ұжымы жоғары жетістіктерге жетіп, кең ауқымды концерттер өткізген. Бүгінде астаналық филармонияда 11 шығармашылық топ жұмыс істейді. Дегенмен өнері үстем ұжымның, көңілі күпті. Филармония әншісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаеваның айтуынша, бүгінде ұйымда 700-ге жуық адам жұмыс істейді. Бірақ филармонияның орналасқан ғимаратында дайындық жасауға жағдай жасалмаған. 700 адамның дайындалатын бөлмесі жоқ. «Астана» концерт залы тек жиын өткізетін бұрынғы конгресс холл. Сондықтан симфониялық оркестр бір жерде, үрмелі оркестр Жастар сарайында, фольклорлық ансамбль Оқушылар сарайында, камералық хор «Астана Операнын» бір қуысында дайындалады. Осылай бәрі шашырап жүр. Басын біріктіріп, бір жерде дайындалатын филармонияның үлкен ғимараты жоқ.

– Филармония – концерттік ұйым. Балалар филармониясын құрудан бұрын қазіргі филармонияның жағдайын жақсартуымыз керек. Неге біз мәдениетімізді дамыған елдердегідей деңгейге жеткізбейміз? Иә, «Астана Опера» әлемдегі үздік театрлардың қатарында. Дәл сондай астаналық филармония деген деңгейге біз де лайық болғымыз келеді. 30 жылда музыканттарға камералық залдар мен дайындық жасауға қолайлы бір ғимарат салмағанымыз ұят. Біз Париж филармониясына, Вена филармониясына барып жүрміз. Олардың ғимаратын біздікімен салыстыруға да келмейді. Шығармашылық ұжымымыздың деңгейі жоғары. Нұржамал Үсенбаева, Майра Ілиясова, Алтынай Жорабаева сияқты белді әншілер де біздің ұжымда өнер көрсетеді. Шығармашылық топтың деңгейі мен материалдық базасының жағдайы бір-біріне сай келмейді,– деді Светлана Айтбаева.

Өнер иесінің сөзін кезінде филармонияның негізін қалаған Кенжеғали Мыржықбай да растады.

– 1997 жылы филармонияны құрып, барлық жөндеу жұмыстарын жүргізіп, енді кіреміз деп отырған ғимаратымызды біреулер тартып алды. Сосын филармония өнерпаздары әр бұрышта дайындалып жүрді. Қазір ұжым да өсті. Кейін Конгресс холды филармонияға беріпті. Бірақ дайындық жасауға жағдай жасалмағандықтан, әртістер әр жерде дайындалып жүр екен, – дейді Кенжеғали Мыржықбай.

КІШКЕНТАЙ ӨНЕРПАЗҒА ҮЛКЕН САХНА КЕРЕК

Дамыған елдер мәдениетінің дәрежесін астаналық филармония арқылы паш етеді. Берлинде, Венада, Амстердам мен Лондонда, Парижде дәл осындай филармониялар бар. Олардың сахнасында өнер көрсету әрбір кәсіби әншінің арманына айналған. Тіпті, Еуропа мен Америкада, көрші Ресей елінде мемлекеттік филармониялар жанынан арнайы балалар филармониясы ашылған. Мұндай филармониялар балаларға музыкамен кәсіби тұрғыда айналысуға, аспаптарда ойнау дағдыларын жетілдіруге және көпшілік алдында өнер көрсетуге мүмкіндік береді. Осылайша, балалар филармонияларының көпшілігі балалардың шығармашылығына, ақыл-ойының дамуына және әлеуметтік дағдылардың жақсаруына ықпал етеді. Ал елімізде балаларға арналған нағыз кәсіби шығармашылық орталық жоқ.

– Шетелде балалар филармониялары бұрыннан бері, тұрақты түрде жұмыс істеп келеді. Балалар филармониясы не үшін керек? Филармония дегеніміз – кәсіби сахна. Ол жерде кәсіби музыканттар ғана өнер көрсетеді. Қазір елімізде балалар музыка мектептерінде ғана білім алады. Астанада онға жетпейтін музыка мектебі бар. Әр мектептен жақсы музыканттар шығып жатыр. Бірақ балалар тек қана кабинеттік деңгейде қалып қояды. Сондықтан да талантты балалардың бағы үлкен сахнада ашылмай жүр. Жыл сайын «Бақытты бала» конкурсын өткізіп, Ержан Максим сияқты дарындарды анықтаймыз. Бірақ сол балалардың ары қарай өнерін шыңдайтын кәсіби филармония болмай тұр. 18 жасқа дейінгі балалар өнер көрсететін кәсіби сахна керек,– дейді Светлана Айтбаева.

Оның пікірінше, балаларға кәсіби орта мен кәсіби сахна керек. Үлкен театрлар мен сахналардың барлығы ересектерге арналған. Ал оқушыларға арналған бір ғана орта, Оқушылар сарайы бар. Оның өзі Мәдениет министрлігіне емес, Оқуағарту министрлігіне қарайды. Сол себепті талантты балалар тасада қалып жатыр.

– Біз 2006 жылы Ақтөбеде тәжірибе ретінде Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармония жанынан «Саз» деген балалар филармониясын құрдық. Ол жерде балалар биден, хордан, фольклордан, вокалдан тегін сабақ алды. Облыстық филармониядағы ең мықты әртістер балаларға сабақ берді. Балаларды өздерінің ізбасарлары сияқты дайындады. Димаш та осы филармонияның балалар орында ән айтты. Балалар филармониясына Америкадан арнайы режиссер шақыртып, балаларға арналған мюзикл қойдық. Камералық оркестрмен бірге балалар хоры үлкен концерттер беретін. Бір шаңырақтың астында аға буын мен жас буын қоян-қолтық жұмыс істегендіктен, филармонияның жетістіктері де артты. Ал Астанаға келгеннен кейін мұндай үрдістің қалыптаспағанын көрдім. Балалар да, өнерпаздар да жан-жақта шашырап жүр, – деді Светлана Айтбаева.

Өнер иесінің пікірінше, балалар филармониясына жеке ғимарат ашса да артық емес. Бірақ бірінші астаналық филармониядан қосымша штат ашып, балаларды бір жерге топтастыру керек. Бірақ біз балалардың бар екенін тек 1 маусымда ғана ойлаймыз. Балалар филармониясы ашылса, оны театралдық, вокалдық бағытта да дамытуға болады.

Қазір балалармен жұмыс істейтін өнер ұжымдары аз. Тек «Астана Опера» театрында Балалар балет студиясы, Хор студиясы және Театрлық қолөнер студиясы жұмыс істейтінін білеміз.

– Балалар хоры өз қызметін 2013 жылдың қараша айында бастады. Оның қатысуымен алғашқы концерт сол жылдың 25 желтоқсанында өтті. Бүгінгі таңда театрда балалар хорының қатысуымен Дж. Пуччинидің «Богема», «Тоска», «Турандот», Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», Ж.Бизенің «Кармен» спектакльдері, Э.Григтың «Пер Гюнттің саяхаты» қойылымдары сахналанған. Жыл сайын 1 маусым – Балаларды қорғау күнінде театрдың Камералық залында балалар студиясының концерттері өтеді, онда жас өнерпаздар түрлі бағдарламамен өнерлерін ортаға салады. Балаларға арналған концерттермен қоса, хор Камералық зал сахнасында ересектерге арналған іс-шараларға да қатысады, – деді Астана операдағы балалар хор студиясының жетекшісі Алтынғаным Ахметова.

Қазір хор үйірмесіне 45 бала, театрлық қолөнер студиясына 7 бала, балет студиясына 24 бала ақылы түрде қатысады. Олардың арасында «Арт-спорт» порталы арқылы тегін дайындалып жүргендер де бар. Ал балалардың алды өнер жолында әлемдік сахналарды бағындыруда. Бұл аға буын мен жас буынның арасындағы қалыптасқан өнер мектебінің бүгінгі жетістігі. Дегенмен «Астана операда» жағдай да, ғимарат та бар. Олар балаларды тек классикалық өнер бағыныда дайындайды. Ал ұлттық тәрбиенің негізі – ұлттық мәдениет екені даусыз. Сондықтан ұлттық өнерді дәріптеген астаналық филармонияға жаңа ғимарат тұрғызылып, жанынан балалар филармониясы ашылса небір таланттар түлеп ұшар ма еді...

QOLDAU-ға ЗАР БОЛЫП ҚАЛДЫ

Ауыл шаруашылығы министрлігі әзірлеген Gosagro.kz ақпараттық жүйесі дәл көктемгі дала жұмыстары қызған шақта дұрыс жұмыс істемей, шаруаларға қолбайлау болып отыр. Ақпараттық жүйе жұмысының шалағайлығы салдарынан солтүстік-қазақстандық диқандар өздеріне тиесілі субсидияны уақытылы ала алмай, қарызға белшесінен батуға мәжбүр.

Gosagro.kz ақпараттық жүйесі Qoldau платформасының орнына жасалған болатын. Ескі палтформаны алмастырған жаңа жүйе оған қарағанда жақсы жұмыс істеуі керек-ті. Бірақ шаруалар оның жұмысының шалағайлығын айтып байбалам салуда. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына шағым айта келген диқандардан білгеніміздей, gosagro.kz жүйесінің басты кемшіліктерінің бірі – кәсіпкерлердің жер телімдері туралы мәліметтердің жоқтығында.

БАРЛЫҚ ШАРУА ЖАЛҒЫЗ МАМАННАН СҰРАЙДЫ

«Талшық Астық Агро» ЖШС осындай мәселемен бетпе-бет келді. Ақпараттық жүйеде жер учаскелері цифрланбаған. Мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесінен және Qoldau порталынан алынған деректер Gosagro-ға дұрыс кіріктірілмеген. Соның салдарынан өтініш беру үшін сайтқа кіру мүмкін емес, мұрағаттық деректер және бұрын алынған субсидиялар туралы ақпарат жоқ. Бұл жайт субсидияны қайталап алуға әкеліп соқтыруы мүмкін, өйткені деректерді салыстыруға еш мүмкіндік жоқ», – деді Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасының агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бөлімінің сарапшысы Сабина Мұқашева.

Сөйтсек, облыстағы жер телімдерінің басым бөлігі цифрландырылмаған немесе заң талаптарына сай тіркелмеген екен.

«Бұрын Qoldau порталында барлық егістік жерлерді көретінбіз. Қазір егістіктер бойынша емес, жалпы кадастр ғана бар. Жүйе соңына дейін жасалмаған. Қолдарынан келмесе, неге Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне жүгінбеске? Тіпті, біздің ауылдағы IT-мамандар да бұл мәселені шешудің жолдарын ұсынып жатыр. Qoldau да, gosagro.kz да, «Ғарыш сапары» ҰК да Ауыл шаруашылығы министрлігіне бағынышты емес. Неге?

Бұл – жалғыз «Талшық Астық Агроның» қиындығы емес. Бүкіл ел бойынша туындап отырған мәселе. Осы мұңымызды айтып кімге жүгінсек те, қол жайғаннан басқа амалдары жоқ. Ауыл шаруашылығы басқармасындағылар да «білмейміздің» ары аспайды. Жүйенің колл-орталығының телефоны жұмыс істемейді. Мәселе туындаса, оның шешімін табуға көмектесетін маман жоқ. Арнайы ашылған телеграм-арналары бар екен. Бірақ бұл арнаға қарапайым шаруалар қосыла қоймайды. Және бұл арна бүкіл Қазақстанға ортақ. Қанша адам бар екенін топшылай беріңіздер. Солардың барлығының қарша бораған сұрақтарына бір ғана өкіл жауап береді. Оның қай мекемеде жұмыс істейтіні белгісіз. Жалғыз өзі жауап беріп те үлгермейді», – деп мұңын шақты «Талшық Астық Агро» ЖШС-інің есепшісі Раушан Мұхамедқайырова.

Биыл 18 сәуірде тыңайтқыштарды субсидиялауға өтінім беру басталған болатын. Осындай өтінім беру кезінде «Қызылжар» фермерлік қожалығы да тосын оқиғаға тап болды.

«Кәсіпорын селитра мен аммофосты субсидиялауға өтінім бере алмады, өйткені өтінімде жер телімдері көрсетілмеген. Кәсіпорын басшылығы gosagro.kz порталының қолданушыларға қолдау көрсету қызметіне жүгінген. Ондағы маман егер жер жеке сәйкестендіру нөміріне, ал ұйым бизнес сәйкестендіру нөміріне ресімделген болса, онда техникалық жағынан субсидияларға өтінім беру мүмкін емес екенін түсіндірді. Неліктен жаңа жүйені әзірлеушілер фермерлік қожалықтың жерлері заң бойынша басшысының жеке сәйкестендіру нөміріне тіркелетінін ескермеген? Өйткені бұған дейінгі qoldau.kz порталында солай болатын. Бұл сұраққа gosagro.kz жүйесінің маманы мұндай техникалық тапсырма берілген жоқ деп жауап берді. Ендеше, бұл мәселе жүйені әзірлеушілердің жоспарына да енгізілмеген және сәйкесінше кемшіліктерді жою мерзімі де жоқ», – деді облыстық кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Шыңғыс Жылқыбаев.

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының жанындағы кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысына қатысқан Солтүстік Қазақстан облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Сансызбаев министрлік деңгейінде деректерді бұрынғы жүйеден жаңасына көшіру бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті. Жергілікті басқарма қосарланған субсидиялау тәуекелдерінің алдын алу үшін осы процедураның тезірек аяқталуына мүдделі. Сондықтан облыстық басқарманың бір қызметкері қазір деректерді салыстыру және тасымалдаумен айналысу үшін министрлікте жұмыс істеп жатқан көрінеді.

Ал жеке сәйкестендіру және бизнес сәйкестендіру нөмірлеріне қатысты мәселе түбінде шешіледі. Бірақ қашан екені белгісіз.

ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН КЕДЕРГІ МЕ?

Дәл қазір Gosagro-ның техникалық ақауына байланысты диқандар үшін тек Солтүстік Қазақстан облысында ғана емес, бүкіл республикада қиын жағдай қалыптасып отыр. Олар өздеріне тиесілі субсидияға қол жеткізе алмай жүр.

Палата өз кезегінде бұрынғы Qoldau жүйесін мемлекеттік меншікке беру мәселесін пысықтау, Әлеуметтік қамсыздандырудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесіндегі мәселелерді шешу үшін Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігін қатыстыру, субсидиялау жөніндегі мемлекеттік қызметті egov.kz порталында ұйымдастыру туралы ұсыныс жасады. Ірі инвестициялық жобалар бойынша жүйедегі кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыс тобын құрып, әр облыста ақпараттық жүйеге қатысты сұрақтарға жауап алу және қолжетімділікті қамтамасыз ету орталықтарын ұйымдастыру ұсынылды.

Айта кету керек, бұған дейін бұл ұсыныстардың барлығы Ауыл шаруашылығы министрлігіне және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына жіберілген болатын. Әзірге, «баяғы жартас – сол жартас».

«Бұл мәселердің біразын бірер жыл бұрын да қозғағанбыз. Әзірге өзгерген ештеңе жоқ. Себебі нақты мерзім белгіленбейді. Жауапты тұлғалар: «біз бұл мәселені білеміз, жұмыс істеп жатырмыз, бақылауда ұстаймыз» дегеннен басқа ештеңе айтпайды. Қанша уақыт бақылауда ұстауға болады? Түптеп келгенде, ешқандай қиындық та жоқ, тек техникалық ақаулық қана, инженерлер шешіп беретін жұмыс», – деді облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының жанындағы кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес төрайымы Инесса Қуанова.

Кеңес отырысына қатысушылар тіпті бұл жайт субсидиялар белгілі бір адамдарға ғана бөлінуі үшін әдейі қолдан жасалған болуы мүмкін деген де күдіктерін жоққа шығармайды. Портал жұмыс істемеген 5-6 сағаттың ішінде бір шаруа миллион теңгелік өтінімін өткізе алмаса, дәл осы мезгілде басқа біреулер миллиардтаған субсидия алып үлгеріпті.

«Техникалық ақаулық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыра түседі. Субсидияға қаржы бөлінгенімен, ол шаруаға жетпейді немесе «қажетті» адамдарға ғана беріледі. Біздің аграрлық аймақ субсидиямен күн көреді. Тауар өндірушілер субсидия ала алмаса азық-түлік қауіпсіздігі туралы сөз қозғаудың өзі артық. Кәсіпкерлер біресе тыңайтқышқа, біресе жұмыртқаға субсидия ала алмай жүргендерін айтып үнемі шағымданады. Содан кейін неге жұмыртқа қымбат деп таң қаламыз. Субсидиясыз шаруаға өте қиын, ал бізге, қарапайым тұтынушыға бәрі қымбат», – деп баса айтты Инесса Қуанова.

Сондықтан кәсіпкерлер палатасының жанындағы кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес осы мәселені шешу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің де ат салысуы керек деген ұсыныс айтты.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Мәселе

ТҰРАҚТЫҢ АҚЫСЫ НЕГЕ ТҰРАҚСЫЗ?

Алматыда ақылы автотұрақтың бағасы көтерілмек. Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, көлік тізгіндеген қала тұрғындары мен қонақтары қыркүйек айынан бастап тұрақ ақысын жаңа тарифпен төлей бастайды. Дегенмен ақылы автотұрақтар саласындағы бітпейтін реформалар мен өзгерістер шаһар тұрғындарының шамына әбден тигендей.

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТ *(коллаж)*

Қала әкімі ақылы автотұраққа көлікті қалдырып кетудің құны шаһардың әр бөлігінде әртүрлі болатынын айтады.

«Автотұрақ туралы айтар болсақ, биылдан бастап орындарды анықтап, аумаққа байланысты тұрақ ақысын көтереміз. Бұл жұмысты 1 шілдеге дейін жүргізіп үлгермейміз, бірақ қыркүйектің басында дайын болуы керек», – деді Ерболат Досаев.

Қалалық мәслихат депутаттарының алдында осылай деген шаһар басшысы аталған қызмет түрі қандай негізге сүйеніп, әр аумақта әртүрлі болатындығын ашып айтпады. Тек тарихи орталыққа жақын, яғни жергілікті халық «золотой квадрат» атап кеткен шаһардың ескі орталығындағы баға өзгелерге қарағанда қымбатырақ болады деп қысқа қайырды.

«Мәселен, Алатау, Медеу ауданында, Құлжа тасжолына шыға берісте бір тариф болса, өзге ауданда басқа тариф болады. Ал тарихи орталыққа жақын жерде тариф қымбатырақ бекітіледі. Қаражат бюджет кірісіне жұмсалады», – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Осы орайда тағы бір мәселе, мегаполис басшысы ақылы автотұрақтан түскен қаражат бюджет кірісіне жұмсалады дегенімен, оның нақты қандай салаға немесе қандай басқарманың жұмысын жандандыруға бағытталатыны жұмбақ күйінде қалды. Бұл сауал мәслихат депутаттарын да қызықтырмаған сыңайлы.

ЖҮРГІЗУШІНІҢ ЖАЙЫН ОЙЛАР ЖАН БАР МА?

Әкімдіктің бұл мәлімдемесіне көлік тізгіндеген қала тұрғындарының біразы наразы секілді. Біз тілдескен алматылықтардың біразы қала басшылығының бұл әрекетін құптамайтынын айтты. Олардың пікірінше, азық-түлік, коммуналдық төлем бағасы әл бермей жатқан тұста әкімдіктің бұл әрекеті ақылға қонбайды.

«Мен қарапайым бюджеттік мекеме қызметкерімін. Қала шетінде тұрған соң жұмысқа өз көлігіммен қатынаймын. Қазірдің өзінде таңғы 9.00-ден кешкі 18:00-ге дейін көлігімді жұмыс орнына жақын жердегі жол жиегіндегі ақылы тұраққа қойғаным үшін 700-800 теңге төлеп жүрмін. Енді оны тағы қымбаттатын болса бұл мен сияқтылардың қалтасына айтарлықтай салмақ түсіреді. Қазір онсыз да барлық нәрсе күн сайын қымбаттап жатыр емес пе? Сондықтан әкімдік бұл шешімін қайта қарау керек деп санаймын»,– дейді қала тұрғыны Әлібек Құдияров.

Әкімдіктің бұл жаңалығы қарапайым көлік жүргізушілерімен бірге қоғам белсенділерін де бей-жай қалдырмады. Олар бұндай шешімдер жан-жақты талқылаудан өтіп барып, қабылдануы керектігін алға тартады.

«Жалпы біздің қалада ақылы автотұрақ – өте күрделі мәселе. Алдыңғы «Алматы паркинг» компаниясының тірлігін бәріміз білеміз. Ең сорақысы оны астыртын басқарып отырған тұлға Алматы қаласы әкімдігінің жауапты қызметкері болып шықты.

Ал ақылы тұрақтың бағасын көтеру заң жағынан әбден талқыланып, тұрғындардың талқысынан өту қажет еді. Естуімше, аталған бастама қалалық Қоғамдық кеңестің де талқылауына ұсынылмаған. Бұл жерде қала әкімдігінің шешімді өз бетінше қабылдай салынғаны байқалады.

> *Ал ақылы тұрақтың бағасын көтеру заң жағынан әбден талқыланып, тұрғындардың талқысынан өту қажет еді. Естуімше, аталған бастама қалалық Қоғамдық кеңестің де талқылауына ұсынылмаған. Бұл жерде қала әкімдігінің шешімді өз бетінше қабылдай салғаны байқалады.*

Сонымен қатар мүгедектігі бар азаматтар мен әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылғандарға, көпбалалы отбасыларға тұрақты тегін қылу жағы қарастырылуы керек болатын. Мендегі ақпарат бойынша мұндай жеңілдіктер әзірге айтылған жоқ. Сондықтан әкімдіктің бұл бастамасы шикі және асығыс шығарылған шешім деп есептеймін» дейді қала белсендісі Ғабиден Жәкей.

Оның айтуынша, жанар-жағармайдың қымбаттауынан зәрезап болған жүргізушілерді қала әкімдігінің мына әрекеті тіптен ашындырып отыр. Мұның соңы әлеуметтік шиеленіске ұласып кетуі де ғажап емес.

ӘРТҮРЛІ БАҒАНЫҢ ӘЛЕГІ

Сонымен қатар бір қала ішіндегі автотұрақ құнының әркилы болатындығы да көпшіліктің қайран қалдырып отыр. Белгілі заңгер Тілеужан Кішкенебаев бір қаланың аумағында бірнеше түрлі тариф бекітудің заңға қайшы екенін алға тартады. Демек, бұл шешім бағаны реттеумен айналысатын орындармен келісілмей шығарылған секілді.

«Негізі бізде Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бар. Менің білуімше, осы агенттік әр аймақтың әлеуметтік экономикалық әлеуетіне қарай бағаны белгілеп береді. Бірақ аймақ немесе қалаға қатысты ортақ бір ғана баға бекітеді. Ал Алматы әкімдігінің қала ішіндегі аудандарда әртүрлі тариф қоямыз дегені түсініксіз. Сонда қала ішіндегі аудандардың халқының жалақысы әртүрлі ме? Мәселен, Алатау ауданы әкімдігінің қызметкерімен салыстырғанда Алмалы ауданы әкімдігінің дәл сондай санаттағы қызметкерінің немесе мектеп мұғалімінің жалақысы жоғары ма? Сондықтан әкімдік мұндай әртүрлі тариф қоямыз деген қадамды не нәрсеге сүйеніп жасап отырғаны маған түсініксіз», – дейді заңгер Т. Кішкенебаев.

Иә, Алматы қаласы әкімдігінің автотұрақ ақысына қатысты шешімі шикілеу екені көрініп тұр. Аталған қызмет түрінің ақысы қандай негізге сүйеніп көтерілетіндігін ашып айтқан адам тағы жоқ. Бұл жерде халық атынан сайланып, қала бюджетін қадағалап отырған мәслихат депутаттары да қауқарсыздық танытпауы керек сияқты. Сол секілді көлікті уақытша қоюға төлейтін ақыны қымбаттату арқылы қала бюджетін толықтыруды ғана ойлап отырған жауаптылар, халықтың да жағдайымен де бір сәт санасуы қажет-ақ.

Нұрболат АДЫРБЕК,
Алматы қаласы

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамы лауазымдарына конкурстық орналасуы қағидаларына сәйкес бос қызмет орындарына (білім беру бағдарламаларының жетекшісі, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), оқытушы-дәріскер, оқытушы-ассистент лауазымдарына) конкурс жариялайды. Бос орындар туралы мәліметтерді және құжаттарды тапсыру мерзімін https://zhetysu.edu.kz сайтынан көруге болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1. Басқарма Төрағасы-Ректордың атына жазылған өтініш;
2. Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы, өмірбаян;
3. Жоғары білімі, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдарының, ғылыми атағы туралы аттестатының нотариалды расталған көшірмелері;
4. Біліктілігін жоғарылату және қайта даярлаудан өткені туралы сертификаттарының көшірмелері (соңғы 3 жыл) ;
5. Ғылыми жұмыстары мен өнертабыстарының (бар болса) тізімі;
6. Мінездеме;
7. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама.
8. № 075 медициналық анықтама.
9. Тіркеуде тұрмайтыны туралы наркологиялық және психоневрологиялық ұйымдардан анықтама.

Құжаттар тапсыру мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күн. Құжаттарды мына мекенжайға тапсыру керек:

Талдықорған қаласы,
Жансүгіров к., 187а,
І. Жансүгіров атындағы ЖУ
Персоналды басқару бөлімі,
тел. 22-00-51

МӘНІ ЗОР МЕРЕКЕЛІК ШАРА

Елорданың ашық алаңдары мен саябақтарында Отан қорғаушы күніне арналған бірнеше іс-шара өтті. Оның ішінде Бәйтерек монументінің жанында қала тұрғындары мен қонақтарының назарына қызықты көрме ұйымдастырылып, балаларға арналған интерактивті және спорттық ойындар көрсетілді. Бұдан кейін жиналғандар «ОТАНЫМ – АМАНАТЫМ» атты мерекелік концертте еліміздің танымал өнер адамдарының орындауында әсем ән мен тәтті күй тыңдап, әскерилердің дайындаған өнерін тамашалады.

Жадыра МҮСІЛІМ

Мерекелік шараның мақсаты – жастарды патриотизмге баулу, белсенді азаматтық ұстанымды насихаттау ғана емес, сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарды тәрбиелеу. Сондықтан Астана қаласы әкімдігінің Креативті индустрияларды дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен ашық аспан астындағы мерекелік концертте әншілермен қатар, Мемлекеттік күзет қызметі айрықша мақсаттағы күштердің сарбаздары және Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы, орталық әскери үрмелі аспаптар оркестрінің де дайындаған бағдарламасы ұсынылды.

Астана қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Хамзиннің айтуынша, күндіз басталған мерекелік шараға келушілердің аз болмады. Алдымен балаларға базарлық ретінде аниматорлар түрлі ойындар ұйымдастырып, қызықты интерактивті шараның көрігін қыздырды. Одан кейін көпшілікке арналған ұлттық құндылықтарға дәріптейтін көрме ұйымдастырылып, қазақтың киіз үйі мен қазақ батырларының жауынгерлік құрал-саймандары қойылды. Сондай-ақ жиналғандар спорттық ойындарда өзара күш сынасты. Бұдан кейін Ұлттық әскери патриоттық орталықтың үрмелі аспаптар оркестрі мерекелік шараға арналған концерттің шымылдығын ашып, Мемлекеттік күзет қызметі сарбаздары дайындаған бағдарлама көпшілікке көрсетілді.

«Астанаға көшіп келгеніме бірнеше жыл болды. Бұл қаладағы кез келген мереке осындай үлкен деңгейде ұйымдастырылып, әртүрлі қызықты ойындар өтуімен ерекше деп айтар едім. Бүгін өзіммен бірге ата-анамды да ертіп келдім. Олардың да көңілінен шығып жатқан секілді. Жүздері бал-бұл жанып, жастық шақтарын еске алып жатыр», – дейді елордалық Қуандық Сұлтанбай. Ал астаналық Айым Сыдықова концерттің көрермені ғана емес, сахнада өнер көрсететін жарына қолдау білдіру үшін қызы екеуі келгенін айта келіп: «Отағасы Тілек Сыдықовты қолдауға әрі мерекелік концертті тамашалауға келіп тұрмын. Ер азаматтардың барлығын мейрамымен құттықтай отырып, отбасыларына бақыт, табыс, денсаулық тілеймін. Ата-аналары, арқа сүйер жақындары аман болсын!» деген тілегін білдірді.

Астанаға ат арылтып Арқалық қаласынан келген қонақ Жанкелді Бақытжанұлы да концертті отбасымен бірге тамашалады. Осындай рухқа толы мерекелік шараның мән-маңызын бойына сіңіріп өскен болашақ Отан қорғаушылар нағыз ел мен жерді жаудан қорғай алатын жігерлі жігітке айналатынын айтты.

Көрермен көзайымына айналып, талантымен тамсандырып жүрген классикалық опера әншісі Азамат Жылтыркөзов айтулы мерекенің астарында үлкен тәрбие жатқанын жеткізді. Сөз соңында ол елдің тыныштығы жолында тікеден тік тұрып қызмет ететін саптағы сарбаздарға сарқылмас төзім, елімізде тыныштық болсын деген тілегін білдірді.

ШАТ-ШАДЫМАН КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАДЫ

Батыс Қазақстан облысында Отан қорғаушы күні мен Жеңіс күні мерекелері өте жоғары деңгейде тойланды. Аймақта өткен ірі салтанатты шараларға облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысып, батысқазақстандықтарды қос мерекемен құттықтады.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Атамекен» өнер ордасында салтанатты жиын өтті. Жиынға облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысып, өңірдің дамуына үлес қосып жүрген әскерилер мен қоғам белсенділерін марапаттады.

Құттықтау сөзінде өңір басшысы қуатты армия еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығының кепілі екенін атап өтті.

Отан қорғаушылар мерекесінен кейін өңірде Жеңіс күні де өз деңгейінде атап өтілді.

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев пен ардагерлер «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қойды. Гүл қою шарасына өңірге танымал тұлғалар, депутаттар, мәдениет қызметкерлері мен әскерилер қатысты.

Мерекелік кешке жиналғандар дәстүр бойынша сұм соғыста қаза тапқан боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Кейін жиналғандар «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қойып, соғыста қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті.

Сол жиында облыс әкімі Нариман Төреғалиев батысқазақстандықтарды Жеңіс күнімен құттықтады.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды. Соғыс салған жара аға буынның жанында әлі бар. Біз ерлікпен қаза тапқан боздақтарды еске алып отыруымыз керек. Арамызда жүрген соғыс ардагерлерін ардақтау, олардың ерлігін насихаттау – біздің міндет», – деді аймақ басшысы Нариман Төреғалиұлы.

«Біздің әскеріміз елдің тыныштығы мен шекараның беріктігі жолында аянбай еңбек етіп келеді. Олар туралы айту, ерлігін насихаттау – біздің мақсатымыз. Біздің тыныштығымыздың кепілі – қуатты армия», – деді облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

Биыл Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 31 жыл толып отыр. Дәл осы күні облыс әкімі қаладағы 5517 әскери бөліміне барып, әскерилер мен сарбаздармен кездесті.

Аймақ басшысы әскерилерді Қарулы күштердің құрылған күнімен құттықтады.

Одан бөлек, әскери қызметін адал атқарып, ел ертеңі жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан әскери қызметкерлер мен «Батыс» өңірлік қолбасшылығының ардагерлерін мерекеге орай алғыс хаттармен марапаттады.

Дәл сол күні қалада «Жас сарбаздар» патриоттық акциясы өтті. Акцияға жалпы саны 700-ден астам мектеп оқушысы қатысты.

Акция барысында оқушыларға ел әскері туралы деректер айтылып, арнайы қойылымдар арқылы әскерилердің киімдері таныстырылды.

Аймақтағы ірі салтанатты шараларға облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысып, батысқазақстандықтарды қос мерекемен құттықтады.

Сондай-ақ, облыс әкімі Нариман Төреғалиев ҰОС ардагері Анастасия Чегнахаева мен ҰОС ардагері, марқұм Хамза Сафиннің жары Ралида Арсланованың үйіне барды.

Әкім ардагерлерге зор денсаулық тілеп, сыйлықтар табыс етті.

Астана астана атанып, бас шаһарға айналғанда алғаш болып құрылған Алматы ауданына биыл – 25 жыл. Осыған орай, қала әкімдігінің қолдауымен Бейбітшілік және келісім сарайында мерейтойлық кеш өтті. Еліміздің белгілі өнер майталмандары мен жас өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламадан бөлек, аудан өмірінен сыр шертетін бейнероликтерді тамашалауға мүмкіндік туды. Туған қаласының жаңарып, жасарғанын көрген тұрғындар ұйымдастырушыларға алғысын айтып, алдағы уақытта да аудандағы іргелі істердің арта беруіне тілектестік білдірді.

ШАҺАРДАҒЫ ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ АУДАН

Алматы ауданы 1998 жылғы 6 мамырда Президент Жарлығымен құрылды. Осы жылдар ішінде ауданда 827 көппәтерлі тұрғын үй кешені, 28 жалпы білім беретін мектеп, 27 мемлекеттік балабақша, 3 жаңа емхана мен 4 аурухана бой көтеріп, ел игілігіне айналды. Жаңадан 14 аула клубы ашылыпты. Сондай-ақ аудан аумағында елдегі тарихи сәттердің куәсі болған айшықты ғимараттар да бой көтерді. Айталық, Ұлттық музей, Бейбітшілік және келісім сарайы, Тәуелсіздік Сарайы, Оқушылар сарайы, Қазақ драма театры, Достық үйі, «Қазақ Елі», Отан қорғаушылар монументтері, «Бейбітшілік» қабырғасы мен «Нұрлы жол» теміржол вокзалы сияқты көрнекті нысандар салынды. Одан бөлек, соңғы жылдардың өзінде ғана әл-Фараби, күйші Дина, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Мұстафа Кемал Ататүрік, Иван Панфилов, Александр Пушкин және Шарль Де Голль сияқты тұлғаларға арналған 20 ескерткіш орнатылды. Ал гольф клубы, «Президент», «Жеруйық», «Жеруйық-2», «Жастар», «Ататүрік», «Триатлон» саябақтары қала тұрғындары мен қонақтарының уақытын көңілді өткізуіне мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, Алматы ауданында сән салтанаты жарасқан субұрқақтар, индустриалды парк, көкөніс қоймасы және жылыжай кешені, әртүрлі спорт және тренажер алаңдары бар.

Қазір бұл аудан тұрғындарының саны 370 мыңға жуықтапты. Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлының сөзінше, соңғы бес жылдың өзінде 20 тұрғын үй кешені бой көтерген. Ал 2008 жылы аудан аумағының бір бөлігі «Есіл» ауданына, 2018 жылы тағы бір бөлігі «Байқоңыр» ауданына берілген екен. «Ширек ғасыр ішінде ауданымыз адам танымастай өзгергеніне куә болдық және күннен-күнге көркейіп келеді. Алда көптеген жұмыстар күтіп тұр. Ауданымызды одан әрі дамытуға бар күшімізді саламыз», – дейді аудан әкімі.

Ширек ғасырлық мерейтойға арнайы ұйымдастырылған шараға ауданның көркеюіне сүбелі үлес қосқан бұрынғы басшылық та қатысып, өнерпаздардың концертіне куә болды. Іс-шарада Алтынай Жорабаева, Қыдырәлі Болманов, Досымжан Таңатаров, Нұрболат Арзамас, Бауыржан Исаев, Argonya секілді әншілер әуелете ән айтса, «Алтын домбыра» жас домбырашылар ансамблі күмбірлете күй шертті. Сондай-ақ келген қонақтар Turan этно-фольклорлық ансамблі мен «Гүлдер» би ансамблінің мың бұралған бишілерінің концерттік бағдарламасын тамашалады.

Ж.АСҚАРБЕК

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Шынболат КҮЗЕКБАЙ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4299
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ